

Банкроттың туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы № 67 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР 07.03.2014 № 176-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Колданушылар назарына!

Қолданушыларға ынғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМУНЫ

Осы Зан жеделдетілген оқалту, оқалту рәсімдерін өткізудің, борышкерді банкрот деп танудың және оны таратудың, сондай-ақ сырттай байқау рәсімінің шарттары мен тәртібін айқындаиды.

Ескеरту. Кіріспе жаңа редакцияда - КР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Занымен.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ескерту. Заңның бүкіл мәтіні бойынша "бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер", "бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерге" деген сөздер тиісінше "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер", "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге" деген сөздермен, "несие берушілердің", "несие берушілермен", "несие берушілер", "несие беруші" деген сөздер тиісінше "кредиторлардың", "кредиторлармен", "кредиторлар", "кредитор" деген сөздермен; "конкурстық жиынтық" деген сөздер "конкурстық масса" деген сөздермен; "конкурстың басқаруышы" деген сөздер "конкурстың басқаруышы" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239 Заңымен.

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі үғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) ақшалай міндеттеме - борышкердің кредиторлар жеткізген (беріп жіберген) тауарлардың (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) құнын төлеуге, пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) төлей отырып, қарыз сомасын қайтаруға, сондай-ақ ақшалай сипаттағы өзге де талаптар бойынша төлемдерді жүзеге асыруға міндеттілігі;

2) ауыл шаруашылығы үйымы - жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін; мал шаруашылығының, құс шаруашылығының (оның ішінде төлді өсіруден бастап толық циклды асыл тұқымды шаруашылықтардың), бал ара шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін, осы өнімді, оның ішінде ұқсатылған өнімді өткізуден түсетін табысы жылдық табыстың жалпы сомасының елу процентінен асатын үйым;

3) әдейі банкроттық - коммерциялық үйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты дара кәсіпкердің жеке өз мүдделерін немесе өзге тұлғалардың мүдделерін көздей отырып жасаған төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе
ҰЛҒАЙТУЫ;

4) әкімшілік шығыстар – осы Заңда белгіленген тәртіппен кредиторлар таныған, төленуі жөніндегі міндет банкроттық, оналту немесе сырттай байқау рәсімі туралы іс қозғалған сәттен бастап және қозғалғаннан кейінгі кезең ішінде туындаитын, тартылатын мамандардың қызмет көрсетуіне ақы төлеу бойынша шығындарды, оналушы және конкурсстық басқарушыларға, сондай-ақ сырттай байқау әкімшісіне ағымдағы төлемдер сомасын қоса алғанда, сырттай байқау рәсіміне, оналту рәсіміне, конкурсстық іс жүргізу рәсіміне, борышкерді конкурсстық іс қозғамай тарату рәсіміне бастамашылық жасаумен және оларды өткізумен

Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу рәсімі қолданылған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін салық есептілігіне сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулер нәтижелері бойынша салық қызметі органы есепке жазған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер де әкімшілік шығыстарға жатады;

5) банкрот - дәрменсіздігін сот белгілекен борышкеге;

6) банкроттың - борышкердің сот шешімімен танылған оны таратуға негіз болатын дәрменсіздігі;

7) банкроттың саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – банкроттың саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және ерікті жинақтаушы зейнетакы қорларын қоспағанда) мемлекеттік орган;

8) борышкер – төлемге қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі оған осы Занда көзделген рәсімдерді қолдануға негіз болып табылатын дара кәсіпкер немесе з а н д ы Т Ү Л Е Р А ;

9) борышкерді мәжбүрлеп тарату - кредиторлардың, прокурордың өтініштері негізінде сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын дәрменсіз борышкердің
қызметін тоқтату;

9-1) біртекті кредиторлар тобы – борышкерге қоятын бірдей талаптары бар және оларды қанағаттандыруда бір-бірінің алдында артықшылығы жоқ

к р е д и т о р л а р

Т О Б Ы .

Біртекті кредиторлар топтарын:

өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтету туралы талаптар
б о й ы н ш а к р е д и т о р л ар ;

еңбек шарттары бойынша еңбекақы және өтемақылар төлеу, сондай-ақ
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар мен
жалақыдан ұсталған міндettі зейнетақы жарналары бойынша берешектерді төлеу
б о й ы н ш а к р е д и т о р л а р ;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлар; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторлар;

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу шарттарынан туындайтын талаптар бойынша кредиторлар;

кепілмен қамтамасыз етілмеген кредит (микрокредит) алуға арналған шарттардан туындаитын талаптар бойынша кредитор – қаржылық үйымдар
құрауы мұмкін;

10) дәрменсіздік - ақшалай міндеттемелер бойынша кредиторлардың талабын толық көлемде қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғалармен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуге, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз етуге борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі;

11) жалған банкроттық - коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты дара кәсіпкердің кредиторларға тиесілі төлемдерді кейінге қалдыру немесе ұзарту немесе борыштардан шегерім жасатқызу үшін, сол сияқты борыштарды төлемеуі үшін кредиторларды жаңылыстыру мақсатында өзінің дәрменсіздігі туралы көрінеу жалған хабарлауы;

11-1) жеделдетілген оңалту рәсімі – сотқа дейінгі тәртіппен кредиторлармен келісілген оңалту жоспары негізінде борышкерге қолданылатын сот рәсімі;

12) жоқ борышкер - тұрақты органының, сондай-ақ занды тұлға оларсыз өз қызметін жүзеге асыра алмайтын құрылтайшыларының, қатысушыларының, менеджерлері мен лауазымды адамдарының тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін алты ай ішінде анықтау мүмкін емес борышкер;

13) кепілді кредитор - талаптары борышкердің мүлкін кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредитор;

14) конкурстық басқаруышы - конкурстық іс жүргізуді жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам;

15) конкурсстың кредитор - езінің мүліктік талаптарын қанағаттандыруда заннаманың күшімен де, кепіл туралы келісімнің күшімен де артықшылығы жок

к р е д и т о р ;

16) конкурстық масса - борышкердің конкурстық іс жүргізу процесінде шығынды өндіріп алуға болатын мұлкі, сондай-ақ осы Занда көзделген жағдайларда, өзге де тұлғалардың мұлкі;

17) конкурстық іс жүргізу - кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және банкротты (дәрменсіз борышкерді) борыштардан босатылған деп жариялау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім;

18) кредитор - енбекке ақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу, авторлық сыйақы төлеу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, борышкерге азаматтық-құқықтық және өзінің өзге де міндеттемелерінен туындаитын мүліктік талаптары бар тұлға;

18-1) кәдімгі коммерциялық операциялар – борышкердің күнделікті жұмыс істеуін сақтап тұру мақсатында өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің айналымымен байланысты, тұрақты сипаты бар іс-әрекеттер;

19) лауазымды адам - дәрменсіз борышкер - занды тұлғаның басшысы (басшысының орынбасары), сондай-ақ занды тұлғаны басқару жөніндегі өкілеттік берілген, занды тұлғаның алқалы атқарушы органдына кіретін өзге де адам;

19-1) мемлекеттік қолдау шаралары – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен ұйымға қатысты қолданылатын, қаржылық сауықтыруға бағытталған шаралар;

20) мониторинг - ақпаратты жинауға, өндеуге және төлем қабілеті жоқ және дәрменсіз ұйымдарға қаржы-экономикалық сауықтыру шараларын уақтылы қолдану және кредиторлардың мұддесін қорғау мақсатында олардың қаржы-экономикалық жай-күйіне талдау жасауға бағытталған іс-шаралар кешені;

21) оңалтушы басқарушы - осы Занда белгіленген тәртіппен оңалту рәсімінің кезеңіне дәрменсіз борышкердің мулкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік береілете тін адам;

21-1) оңалту жоспары – оңалту рәсімін, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған және жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру және жұмыс орындарын сақтау мақсатында борышкер мен кредиторлардың, біртекті кредиторлар тобының арасындағы өзара келісім негізінде жүзеге асырылатын, кредиторлар талаптарын өтеу кестесін қоса алғанда, іске асырылу мерзімдері, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелер, пайдаланылатын ресурстар және ықтимал тәуекелдер көрсетілетін өзара байланысты іс-шаралар кешені;

22) оңалту рәсімі – сот рәсімі, оның шенберінде төлемге қабілетсіз борышкерге борышкердің таратылуын болғызыбау мақсатында оның төлемге

қабілеттілігін қалпына келтірге бағытталған қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар қолданылады;

23) санация - оңалту шарасы, оның барысында борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілеттік берген орган), кредиторлар немесе өзге де тұлғалар дәрменсіз борышкерге қаржылық көмек көрсетеді, сондай-ақ борышкердің резервтерін жұмылдыру мен оның қаржы-шаруашылық жағдайын жақсарту жөніндегі өзге де шаралар кешені іске асырылады;

24) сырттай байқау - борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау, борышкердің қаржылық жай-күйіне, төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігін немесе мүмкіндігінің жоқтығын айқындау, сондай-ақ кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару жөніндегі іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талдау жүргізу, кредиторлар тарапынан борышкердің қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйіне, оларды қайта ұйымдастыруды жүргізуіне бақылау жасау, негізгі құралдарды иеліктен айыру, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелер, сондай-ақ орындалуы борышкерге залал келтіруі мүмкін нарықтық бағадан айтарлықтай төмен бағамен не жеткіліксіз негіздер бойынша өзге де мәмілелер жасалуына банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін сот енгізетін рәсім;

25) сырттай байқау әкімшісі - сырттай байқау рәсімін жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға;

25-1) сырттай дауыс беру – дауыс беру тәсілі, онда кредиторлар жиналышы уақытында оның өткізілу орнынан тыс жерде болған кредиторлар жиналышының қатысуышысы қаралатын мәселе (мәселелер) бойынша хаттар, факсимильді немесе электрондық хабарламалар алмасу арқылы немесе жіберілетін хабарламалардың тең түпнұсқалығын қамтамасыз ететін өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып, жазбаша дауыс беруге құқылы;

26) төлем қабілетсіздігі - борышкердің ақшалай міндеттемелерін және өзге де ақшалай сипаттағы талаптарды орындау мерзімі басталған кезден бастап үш ай ішінде оларды орындауға қабілетсіздігі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - КР 2001.07.11. № 239 Заңымен, өзгеріс енгізілді - КР 2004.04.08. № 542, 2006.01.10. № 115 (реєсми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы реєсми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы реєсми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1-1-бап. Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01 № 256, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

2-бап. Заңның қолданылу ерекшеліктері

1. Осы Заң қазыналық кәсіпорындардан және мекемелерден, ерікті жинақтаушы зейнетакы қорларынан, банктерден, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарынан басқа, заңды тұлғалардың банкроттығы, оларды жеделдетілген оңалту және оңалту туралы істерге қолданылады.

Осы Заңда көзделген банкроттық немесе оңалту рәсімдерін үздіксіз өндіріс циклі бар үйымдарға, сондай-ақ табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын үйымдарға қатысты қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ерікті жинақтаушы зейнетакы қорларына, банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына және кейбір басқа да заңды тұлғаларға қатысты осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдерін қолдану ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

Сот банкті банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда, оны тарату банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сот сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда оны тарату сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Заң Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасымен реттелмеген бөлігінде жеке кәсіпкерлердің банкроттығына қолданылады.

3. Банкроттық, оңалту немесе жеделдетілген оңалту туралы істерді сот банкроттық туралы заңнамада белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтық сот ісін жүргізуіндегі жалпы қағидалары бойынша қарайды.

4. Табиғи монополиялар субъектілері немесе тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын, не Республиканың экономикасы үшін зор стратегиялық маңызы бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға ықпал ете алатын үйымдар банкрот болған, сондай-ақ мемлекеттің бастамашылығымен банкрот деп танылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтар

мен мемлекеттің мұдделерін қорғау мақсатында конкурстық массаны өткізу дің ерекше шарттары мен тәртібін және конкурстық масса объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптар белгілеуге, сондай-ақ акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдардың немесе Республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурстық массаны ұлттық басқарушы холдингтің сатып алуы туралы шешім қабылдауға ҚҰҚЫЛЫ.

К У К Ы Л Ы .

5. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар банкрот болған кезде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес олардың қызметіне міндettі экологиялық аудит жүргізіледі.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2000.12.18 № 128, 2001.03.02 № 162, 2001.07.11 № 239, 2005.07.08 № 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.09 № 213, 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-бап. Банкроттықты тану

4 . E G e p :

кредитордың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі борышкердің филиалдары мен өкілдіктерінің берешегін қоса алғанда, салықтың берешегі бойынша талабы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген жұз елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын соманы құрайтын болса;

өзге кредиторлардың борышкерге қоятын талабы жиынтығында дара кәсіпкерлерге – респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жұз айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын, заңды тұлғаларға – респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір мың айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын соманы құрайтын болса, онда банкроттық туралы істерді сот қарайды.

Осы тармақтың талаптары осы Заңның 94-бабында көзделген жағдайларға

қ о л д а н ы л м а й д ы .

5. Егер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 49-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен тарату туралы шешім қабылданған занды тұлға мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз болса, мұндай занды тұлға осы Занда белгіленген ережелер бойынша сot тәртібімен таратылуға тиіс.

6. Осы Заның 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда борышкердің өтініш бермеуі борышкердің басшысына борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті қолдануға

7. Сот тәртібімен борышкерді банкрот деп жариялауға оның дәрменсіздігі негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

Дәрменсіздік фактісін анықтау кезінде борышкердің орындау мерзімі жеткен, сондай-ақ орындауға қабылданған және (немесе) орындалып жатқан міндеттемелері ескерілуге тиіс.

Ескеरту. З-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.11 № 385-IV (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-бап. Банкроттық немесе оңалту рәсімдерін қолдану негіздері

1. Борышкердің төлемге қабілесіздігі кредитордың борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүргінуіне негіз болып табылады.

Егер борышкер міндеттемені орындау мерзімі басталған сәттен бастап уш ай ішінде орындамаса, ол төлемге қабілесіз деп есептеледі.

2. Борышкердің қалпына келтірілу мүмкіндігі болмаған кездегі төлемге қабілесіздігі оның өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Борышкердің қалпына келтірілу мүмкіндігі болған кездеңі төлемге қабілесіздігі немесе борышкерге таяу он екі айда ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі басталғанда оларды орындастында күйде болмайтын төлемге қабілесіздік қатерінің төнуі оның оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүргінуіне негіз болып табылады.

Ескеरту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Занымен.

5-бап. Эдейі және жалған банкроттық

1. Борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілдік берген орган), заңды тұлға-борышкердің құрылтайшысы (қатысушысы) және/немесе лауазымды адамдары борышкерді әдейі төлем қабілетсіздігіне (әдейі банкроттық) жеткізгені үшін дәрменсіз борышкер кредиторлар алдында өзіне тиесілі мүлікпен сұбсидиялық жауапқа тартылады.

Банкрот болған заңды тұлғаның лауазымды адамы борышкерді төлем қабілетсіздігіне әдейі жеткізгені үшін оның мүлкінің меншік иесіне шығындарды өтейді.

2. Егер банкроттықты тану туралы өтінішті борышкер сотқа кредиторлардың талаптарын толық көлемінде қанағаттандыруға мүмкіндігі болған кезде берсе (жалған банкроттық), кредиторлар борышкерден осы арқылы келтірілген шығындарды өтеуін талап етуге құқылы.

3. Конкурстық басқарушы әдейі немесе жалған банкроттық жасау белгілерін тапқан жағдайда, ол лауазымды адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту үшін құқық қорғау органдарына жүгінуге міндетті.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-бап. Мүлікті қайтару және борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану

1. Борышкердің өзін банкрот деп танылғанға дейін жасаған мәмілелері мұнадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер болғанда;

2) егер борышкердің жеке кредиторлармен немесе өзге тұлғамен жасаған мәмілесі банкроттық туралы іс қозғалғаннан кейін бір кредиторлардың басқа кредиторлар алдындағы талаптарын бұрын қанағаттандыруға әкеп соқса, уәкілетті органның, кредиторлардың, оңалтуды немесе конкурсты басқарушылардың өтініші бойынша жарамсыз деп танылуға тиіс.

3) (алып тасталды - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарастырылған) Зандарымен.

Осы тармақтың талаптары жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру мәмілелеріне жағдайды.

2. Кредитордың (кредиторлардың) немесе уәкілетті органның қолдауhat беру жағдайын қоса алғанда, оңалтуши басқарушы, санацияға қатысушы сотқа мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ оңалту туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жыл кезең ішінде борышкер берген, оның ішінде жалға немесе бұдан бұрын жасалған мәмілелер бойынша орындауды қамтамасыз етуге берген мүлікті

2-1. Кредитордың (кредиторлардың) немесе уәкілетті органның қолдауhat беру жағдайын қоса алғанда, конкурсстық басқарушы сотқа мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ банкроттық және оңалту туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жыл кезең ішінде бұл мүлікті өтеусіз, нарықтық бағасынан төмен бағамен не негіздері болмаса да кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып алған тұлғалардан қайтару туралы өтініш беруге міндettі.

3. Кредитордың (кредиторлардың) немесе уәкілдегі органның қолдауhat беру жағдайын қоса алғанда, конкурстық және оналтушы басқарушылар, санацияға қатысушы банкроттық және (немесе) оналту туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жылға дейінгі кезең ішінде берілген борышкердің мүлкін олардың алдындағы міндеттемелері орындалу мерзімі басталардан бұрын басқа кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіріле отырып орындалған кредиторлардан қайтаруды сот тәртібімен талап етуге міндетті. Бұл жағдайда кредиторлардың құқықтары осы Заңның қағидаларымен қамтамасыз етіледі.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген негіздер бойынша банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жыл ішінде, шаруашылық серіктестігінің қызметшілеріне (қызметкерлеріне), қатысуышыларына дәрменсіз борышкердің басшысына берген мүлік талап етілуі мүмкін.

Осы тармақта белгіленген мүлікті талап ету туралы ережелер мүлікті жұбайына, тікелей өзінен тарайтын және шыққан тегі бойынша туыстарына беру жағдайларына да қолданылады.

5. Өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оңалтуды немесе конкурсты басқаруышы осы бапта көзделгендерден басқа, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша борышкердің мүлкін үшінші тұлғалардан талап ету туралы, борышкер жасасқан шарттарды бұзу туралы талап қоюға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген, борышкердің мүлкін қайтаруға бағытталған өзге де әрекеттер жасауға құқылды.

6. Мұліктің жоғалуына, бүлінуіне не оны кейіннен үшінші тұлғалардың адаптациясынан мұліктің жолмен сатып алуына байланысты осы бапта көзделген жағдайларда мұліктің талап ету мүмкін болмаған кезде талап етілетін мұліктің бастапқы сатып алушылары борышкердің алдында осыған байланысты туындаған зиянды жоғалған, бүлінген не үшінші тұлғалар адаптациясынан мұліктің құны шегінде өтеу жөнінде жауапты болады.

Ескеरту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі),

2006.02.20. № 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 539 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Шартты орындаудан бас тарту

1. Оңалтуды басқарушы банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін борышкер жасаған, екі жақ та толық немесе ішінара орындаған шарттарды орындаудан мына жағдайлардың біреуі болған кезде:

- 1) шартты орындау борышкерге зиян келтірсе;
- 2) салыстырмалы жағдайларда жасалатын ұқсас шарттармен салыстырғанда шартта борышкерге ауыр тиетін жағдайлар болса;
- 3) шарт ұзак (1 жылдан астам) мерзімге жасалса не борышкердің нәтижеге жетуі тек ұзак мерзімді келешекке есептелсе;
- 4) борышкердің шартты орындауы басқа кредиторлар үшін жағымсыз жағдайларға әкеп соғады деген өзге де негіздер болса, бас тартуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда шартты орындаудан бас тартқан кезде контрагенттің шартты бұзу арқылы келтірілген шығындарды нақты зиян мөлшерінде өтеуді борышкерден сот тәртібімен талап етуіне не бас тарту негізіне дау айтудына болады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

8-бап. Банкроттық туралы істердің сотта қарauғa жататындығы

Банкроттық туралы істерді соттар борышкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленетін тұрған жері бойынша қарайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-бап. Оңалтуды және конкурсны басқарушылар

1. Оңалту рәсімін және конкурсның іс жүргізуі жүзеге асыру мақсатына қол жеткізу үшін оларды жүргізу кезеңінде төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкердің барлық органдары оны басқарудан шеттетіледі және борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер оңалтушы не конкурсның басқарушыға (таратушыға) беріледі.

Оңалтушы және конкурсның басқарушылар (таратушы) борышкерді басқарудың бірден-бір органы ретінде әрекет етеді және өз өкілеттіктерін борышкердің тұрған жері бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 9-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
З а н м е н .

3. Оңалтуды және конкурсты басқарушылардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақы алуға құқығы, дәрменсіз борышкердің істері мен мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктер көлемі осы Заңмен және уәкілетті органның келісімі бойынша кредиторлар комитетінің олармен жасасқан келісімімен р е т т е л е д і .

4. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген дара кәсіпкер оңалтуды және конкурсты басқаруши болып тағайындалады.

Осы тармақтың талаптары осы Заңың 9-1-бабының 1-тармағында және 55-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Осы Заңда оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушыларға жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

5. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркеуден өту үшін мынадай:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелу;

2) жоғары заң немесе экономикалық білімінің болуы;

3) білім беру ұйымдарында оңалтуды, конкурсты басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өту;

4) экономикалық, қаржы, есептік-талдамалық, бақылау-тексеру, құқық қызметі салаларының бірінде не заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы талаптары белгіленеді.

6. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркеуден өту үшін дара кәсіпкер уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті ;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) жоғары заң және (немесе) экономикалық білімі туралы дипломдардың көшірмелерін ;

4) оңалтуды, конкурсты басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өткенін растайтын, білім беру ұйымы берген құжаттың көшірмесін ;

5) еңбек қызметін, оның ішінде жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмесін ;

6) өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша, оны ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын берілген сottылығының жоқтығы туралы анықтаманы;

7) өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша оны ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген медициналық анықтамаларды тапсырады.

Уәкілетті органға құжаттардың көшірмелері салыстырып тексеру үшін түпнұсқасымен бірге не құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылады.

Уәкілетті органға тапсырылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі құжаттардың қабылданған күні көрсетіле отырып, өтініш берушіге беріледі (жіберіледі).

Уәкілетті органда тіркелу кезінде ұсынылған құжаттардың дәйектілігі үшін дара кәсіпкер Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Уәкілетті орган тіркеуді осы тармақта бергіленген құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Уәкілетті орган осы тармақта көзделген мерзім ішінде өтініш берушіге – тіркелген туралы растауды, ал тіркеуден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша бас тартудың себептері көрсетілген дәлелді жауап жібереді.

7. Уәкілетті орган мынадай:

1) осы баптың 6-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар тапсырылмаған;

2) өтініш беруші осы бапта белгіленген талаптарға сай болмаған;

3) өтініш берушіге қатысты осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын, заңды күшіне енген сот актісі болған;

4) өтініш беруші бұрын осы баптың 8-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша тіркеуден шығарылған.

Осы тармақшаның ережелері осы баптың 8-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тіркеуден шығарылған өтініш берушіге үш жыл бойы қолданылады;

5) өтініш берушінің заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болған;

6) өтініш беруші сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайларда тіркеуден бас тартады.

8. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаны тіркеуден шығаруды уәкілетті орган мынадай:

1) тіркеуден шығару туралы өтініш ұсынылған;

2) осы Заңың осы бабы 12-тармағының 1) тармақшасында және (немесе) 41-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша бір жыл

ішінде бірнеше рет шеттетілген;

3) еңбекке уақытша жарамсыздығы салдарынан шеттетілген жағдайларды қоспағанда, осы Заңың осы бабы 12-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 41-1-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттетілген;

4) тіркеу кезінде оның дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған жағдайларда жүргізеді.

9. Тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректер өзгерген кезде, уәкілетті органда тіркеуде тұрған тұлға уәкілетті органға өзгерістер туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

10. Осы Заңың 2-бабының 4-тармағында көрсетілген ұйымдардың банкроттық рәсімдерін жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган оқалтуды басқарушыны – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен, тиісті орталық атқарушы органмен келісім бойынша, ал қала құраушы кәсіпорындар бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті әкімімен келісім бойынша тағайындаиды.

11. Оқалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар етіп:

1) осы Заңың 9-1-бабының 1-тармағында және 55-бабының 2-тармағында көзделгендерден басқа жағдайларда борышкер немесе кредитор әкімшілігінің лауазымды адамын;

2) осы Заңың осы бабы 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетілген және (немесе) 41-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сырттай байқау рәсімін жүргізуден шеттетілген сәттен бастап бір жыл өткенге дейін шеттетілген тұлғаны;

3) занды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам басқа занды тұлғаның басшысы болған адамды.

Аталған шарт осындай шешім қабылданған күннен кейінгі бес жыл бойы қолданылады;

4) егер серіктестік, акционерлік қоғам не кооператив дәрменсіз борышкер немесе оның кредиторы болса, осындай шаруашылық серіктестікке қатысуышылар, акционерлік қоғамның акционерлері, кооператив мүшелері. Осы тармақшаның ережесі осы Заңың 9-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларға қолданылады;

5) жұбайы (зайыбы), осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың жақын туыстарын тағайындауға болмайды.

12. Оқалтуды және (немесе) конкурсты басқарушыларды уәкілетті орган:

1) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне залал келтірғен олардың осы Заңда белгіленген талаптарды бұзушылықтары тексеру нәтижелері бойынша

а н ы қ т а л ғ а н ;

2) өз өкілеттіктерін орындау: қайтыс болуы; бір айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздығы; сот тәртібімен әрекетке қабілесіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп танылуы не қаза болған деп жариялануы; оларға қатысты сottың айыптау үкімінің занды қүшіне ені салдарынан мүмкін болмаған ;

3) тіркелу кезінде олардың дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған;

4) өзі тағайындалғаннан кейін құнтізбелік отыз күн ішінде кредиторлар комитетімен келісім жасамаған не кредиторлар комитетімен жасалған келісім бұзылған жағдайларда дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттеге тиіс .

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушыларды дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан бір жыл ішінде бірнеше рет шеттету және (немесе) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттету оларды барлық борышкерлерге қатысты осы Занда көзделген өкілеттіктерді орындаудан бір мезгілде шеттетуге әкеп соғады.

13. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар банкроттық рәсімдерде дәрменсіз борышкерлердің мүлкі мен істерін басқарудан өз еркі бойынша босату туралы өтініш ұсынған кезде кредиторлар комитетінің келісімімен босатылады. Өтінішке кредиторлар комитетімен келісілген олардың қызметі туралы есеп және кредиторлар комитетінің келісімі қоса беріледі.

Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілген немесе босатылған жағдайда жаңадан тағайындалған оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушы алдыңғылардың құқық мирапқорлары болып табылады .

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-1-бап. Оңалту рәсімінде борышкердің мүлкі мен істерін басқару

1. Борышкер мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органын), құрылтайшылардың (қатысушылардың) өтініші бойынша, кредиторлар жиналысының келісімімен, оңалту жоспары бекітілген сэттен бастап сот борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығын борышкер мүлкінің меншік иесінде, құрылтайшыларда (қатысушыларда) сақтайды.

Борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқықтарын сақтау туралы өтініш кредиторлар жиналысының шешімі қоса тіркеле отырып, оңалту жоспарын ұсынумен бір мезгілде сотқа жіберіледі.

Кредиторлар жиналысы борышкер мүлкінің меншік иесінің,

құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкі мен істерін басқару құқығының күшін жою туралы шешім қабылдаған жағдайда, кредиторлар жиналышы уәкілетті органда тіркелген тұлғалар арасынан өздерінің оңалтушы басқарушы кандидатурасын ұсынуға міндettі. Кредиторлар жиналышының борышкер мүлкі мен істерін басқару құқығының күшін жою туралы шешімі оңалту жоспарын ұсынумен бір мезгілде сотқа жіберіледі.

Борышкер мүлкінің меншік иесі, құрылтайшылар (қатысушылар) борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетілген жағдайда да кредиторлар жиналышы оңалтушы басқарушы кандидатурасын ұсынуға міндettі.

Борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығы борышкер мүлкінің меншік иесінде, құрылтайшыларда (қатысушыларда) қалған жағдайда, осы Заңның 51-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларын қоспағанда, борышкердің органдарына заңнамада белгіленген құзыret шегінде өкілеттіктер және осы Заңда оңалтушы басқарушы үшін көзделген жауапкершілік қолданылады.

Кредитор (кредиторлар) органның осы Заңда көзделген міндettterді бұзғанын анықтаған жағдайда, борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшылар (қатысушылар) кредиторлар жиналышының шешімі бойынша борышкердің басқару органдарының мүшелерін ауыстыруға міндettі.

2. Оңалтушы басқарушының кандидатурасын таңдаған кезде кредиторлар жиналышы уәкілетті органда есепте тұрған тұлғаларға қатысты ұсынымдарды дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың кәсіптік бірлестіктерінен алуы мүмкін.

3. Уәкілетті орган кредиторлар жиналышы ұсынған кандидатураны оңалтушы басқарушы етіп тағайындауға міндettі.

4. Кредиторлық берешекті өтеу кестесі үш айдан астам мерзімде орындалмаған және (немесе) уәкілетті орган анықтағандарды қоса алғанда, осы Заңды бұзушылықтар анықталған жағдайларда, сот борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығын сақтаған борышкер мүлкінің меншік иесін, құрылтайшыларды (қатысушыларды) кредиторлар жиналышы уәкілеттік берген тұлғаның өтініші бойынша өтініш келіп түскен күннен бастап он бес күн ішінде басқарудан шеттеді.

С от ұйғарымында:

уәкілетті органға үйғарым заңды күшіне енген күннен бастап бес күн мерзімде оңалтушы басқарушыны тағайындауды тапсыру туралы;

борышкердің есепке алу құжаттамасын, құрылтайшылық, сондай-ақ борышкер мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлер мен мөртабандарды беруі туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімі

1. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және олардың мүдделерін банкроттық ресімдеріне сәйкес қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар талаптарының тізілімі жасалады.

2. Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың даусыз болып табылатын, сондай-ақ осы баптың 3-тармағына сәйкес негізделген деп танылған талаптары енгізіледі.

Борышкерден ақшаны өндіріп алу туралы заңды күшіне енген соттың шешімі немесе атқару құжаттары бар талаптар даусыз болып табылады.

3. Оңалту немесе банкроттық ресімдерін қолданғаннан кейін кредиторлардың талаптарын негізді деп тануды тиісінше оңалтушы не конкурсстық басқарушылар жүзеге асырады.

4. Кредиторлардың талаптарын тізілімге енгізу не олардың талаптарының сомасы туралы кредиторлар және оңалтуды немесе конкурсстық басқарушылар арасында туындастын келіспеушіліктерді тиісті кредитордың мәлімдемесі бойынша сот қарайды.

Соттың шешімі талапты тізілімге енгізу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің банкроттық саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурсстық массаны сатудың ерекше шарттары мен тәртібін және конкурсстық масса объектілерін сатып алушыларға қосынша талаптарды белгілейді;

1-1) акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдардың

немесе Республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурсстық массаны ұлттық басқарушы холдингтің сатып алуы туралы шешім қабылдайды;

2) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша сауда-саттықтар жүргізу тәртібін айқындаиды;

5) занды тұлғаларды қала негізін қалаушы ұйымдарға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу тәртібін айқындаиды;

6) кредиторлар талаптарының тізлімін қалыптастыру тәртібін белгілейді;

7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де фундаменталды орындаиды.

Ескеरту. 10-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2009.02.13 № 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-2-бап. Үекілетті органның құзыреті

Уекілетті орган:

1) оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеуді және оларды тіркеуден шығаруды жүргізеді;

2) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) оңалтуши, конкурстық басқарушыларды және сырттай байқау әкімшісін тағайындаиды және шеттетеді (босатады);

4) сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің жүргізілуін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) - 8) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) оңалтуши басқарушының оңалту рәсімін жүргізу барысы туралы (жасалған мәмілелер туралы ақпаратты талап етеді) және конкурстық басқарушының конкурстық іс жүргізу барысы туралы ағымдағы есептерін, сондай-ақ сырттай

байқау әкімшісінің сырттай байқау ресімінің жүргізілу барысы туралы ағымдағы
есептерін қарайды;

10) конкурстық басқарушының және сырттай байқау әкімшісінің қорытынды
есептерін келіседі;

11) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми
жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

12) сырттай байқау әкімшісінің, оналтушы және конкурстық
басқарушылардың қорытынды есебінің нысанын, сондай-ақ сырттай байқау
әкімшісі мен конкурстық басқарушының қорытынды есебін келісу тәртібін
бекітеді;

13) конкурстық іс жүргізу кезінде, сондай-ақ сырттай байқау ресімі кезінде
кредиторлар комитетінің құрамын бекітеді;

14) кредиторлар талаптарының тізілімін бекітеді;

15) санацияға қатысушыдан растайтын құжаттарды талап етуге құқылы;

16) конкурстық іс жүргізу мерзімін ұзартады;

17) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми
жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

18) осы Заңда белгіленген жағдайларда, оналтушы, конкурстық
басқарушыларды және сырттай байқау әкімшісін шеттету туралы шешім
қабыладайды;

19) борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі сауда-саттықтың
жүргізілу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

20) жалған және әдейі жасалған банкроттықтың белгілерін анықтайды;

21) оналтушы, конкурстық басқарушылардың және сырттай байқау
әкімшісінің іс-әрекеттеріне шағымдарды қарайды;

22) осы Заңның 6-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасалған
мәмілелерді анықтау жөнінде шаралар қолданады;

23) сырттай байқау әкімшілерін, оналтушы және конкурстық
басқарушыларды білім беру ұйымы арқылы даярау ережелерін бекітеді;

23-1) тіркеуге, тіркеуден шығаруға, тіркелген тұлғаның деректеріне
еңгерістер енгізуге арналған өтініштердің нысандарын, сондай-ақ тіркелгендігін
растастау және тіркеуден бас тарту нысандарын белгілейді;

24) оналтуды және конкурсты басқарушыларды, сырттай байқау әкімшісін
тағайындау және шеттету тәртібін белгілейді;

24-1) алып тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа
енгізіледі) Заңымен;

25) мониторингті, оның ішінде борышкерден оның қаржы-шаруашылық

қызметіне қатысты ақпаратты және құжаттарды талап ету арқылы жүзеге асырады;

26) мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды адамдарынан төлем қабілеті жоқ және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпаратты сұратады және алады;

27) осы Занды бұзушылықтар анықталған жағдайда, сырттай байқау әкімшісінің, конкурстық және оңалтуши басқарушылардың шешімдері мен іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулайды;

28) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

29) заңмен белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және олар туралы істерді қарайды, өз құзыреті шегінде әкімшілік жаза қолданады;

30) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндепті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізуудың жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

31) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 10-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

10-3-бап. Сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізуудың жүргізілуін мемлекеттік бақылау

1. Уәкілетті органның сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізуудың жүргізілуін мемлекеттік бақылауының нысанасы тараптардың Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын сақтауы болып табылады.

Мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Осы Заңның 10-4-бабында реттелмеген тексерулер мәселелері «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен регламенттеледі. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың мақсаты үшін сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізуудің тараптары деп кредиторлар, борышкер, мұліктің меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган, кредиторлар комитеті, сырттай байқау әкімшісі, конкурстық және оңалтушы басқарушылар түсініледі.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары шенберінде өз құзыретін іске асыру мақсатында сауалдар жасауды жүзеге асыруға құқылы.

4. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары мынадай:

1) оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген тұлғаларды

е с е п к е а л у ;

2) м о н и т о р и н г ;

3) к а м е р а л д ы қ бақылау ;

4) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша сауда-саттықтың жүргізілу тәртібінің сақталуын бақылау нысандарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-3-бап жаңа редакцияда - 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-4-бап. Сырттай байқау әкімшілерінің, оңалтушы және конкурстық басқарушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сырттай байқау рәсімін, оңалту рәсімін, конкурстық іс жүргізууді өткізу талаптарын сақтауын тексеру

1. Тексеру уәкілетті органның немесе оның аумақтық органдарының нұсқамасы негізінде үш ай мерзімді тексерілетін кезенде бір реттен жиі жүргізілмейді .

2. Тексеру жүргізуге мынадай деректемелер жазылған нұсқама негіздеме болып

т а б ы л а д ы :

1) уәкілетті органда тіркелген күні мен нөмірі;

2) нұсқаманы берген уәкілетті органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы;

4) күші жойылды - ҚР-ның 2008.07.05 № 60-IV (2012.01.01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) күші жойылды - ҚР 2012.01.12 № 538-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-1) борышкердің - дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), занды мекенжайы немесе борышкердің - занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, сондай-ақ оның сәйкестендіру нөмірі;

6) тағайындалған тексерудің нысанасы;

7) тексерудің басталған және аяқталған күні;

8) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндепті талаптары тексерілуге тиісті нормативтік құқықтық актілер;

9) тексерілетін кезең.

Нұсқамага уәкілетті органның немесе оның аумақтық органының бірінші басшысы не оны ауыстыратын адамдар қол қоюға және елтаңбалы мөрмен күәландағы рулюға тиіс.

3. Бір нұсқаманың негізінде бір тексеру ғана жүргізіледі.

4. Сырттай байқау әкімшісі, оңалтушы және конкурстық басқарушылар борышкердің аумағына немесе үй-жайына зерттеу жүргізу үшін тексеруші адамдарды жіберуге, сондай-ақ кез келген сұратылған ақпаратты беруге міндепті.

5. Уәкілетті органның тексерулерге басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тартуға құқығы бар.

6. Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам тексеру нәтижелері бойынша екі данада тексеру нәтижелері туралы акт жасайды, оның біреуін анықталған бұзушылықтармен және басқа да іс-әрекеттермен танысып, оларды жою жөнінде шаралар қолдану үшін сырттай байқау әкімшісіне (оңалтушы немесе конкурстық басқарушыға) береаді.

7. Тексеру актісінде көрсетілген нәтижелер негізінде Казақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган мұндай бұзылуышылықтарды жою мерзімін көрсете отырып, ұсыну шығарады.

Ескерту. 10-4-баппен толықтырылды - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен.

2-тaraу. КРЕДИТОРЛАР КОМИТЕТИ

Ескерту. 2-тaraу жаңа редакцияда - Казақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

11-бап. Кредиторлар комитетін қалыптастыру

1. Сырттай байқау рәсімінде, жеделдетілген оңалту рәсімінде, оңалту рәсімінде, конкурстық іс жүргізуде кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті

құрылады.

Кредиторлар комитетін қалыптастыру:

- 1) сырттай байқау кезінде осы Заңның 41-2-бабымен;
- 2) конкурстық іс жүргізу кезінде осы Заңның 70-бабымен;
- 3) жеделдетілген оңалту рәсімі кезінде осы Заңның 14-3-бабымен;
- 4) оңалту рәсімі кезінде осы Заңның 46-1-бабымен реттеледі.

2. Кредиторлар комитетінің құрамына еңбекақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша кредиторлардың өкілі, салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер бойынша кредиторлар, кредитордың – мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі уәкілетті органның өкілі, сондай-ақ борышкерге қоятын талаптарының сомасы неғұрлым көп конкурстық кредиторлар мен кепілді кредиторлар кіреді.

Кредиторлар комитетінің қалыптастырылатын құрамына талаптарының сомасы қойылған өсімақылар мен айыппұлдар сомасын есепке алмағанда, тиісті біртекті топ талаптарының жалпы сомасының елу пайызынан асатын біртекті топ кредиторынан (кредиторларынан) ұсынылған тұлға (тұлғалар) енгізілуге тиіс.

3. Кредитор сырттай байқау рәсіміне, оңалту рәсіміне, конкурстық іс жүргізуге кредиторлар комитетінің мүшесі ретінде қатысадан бас тартуға

құрылады.

4. Сырттай байқау әкімшісінің, конкурстық басқарушының, конкурстық іс жүргізу кезінде кредиторлар комитетінің, борышкер кредиторларының өтініші бойынша уәкілетті орган кредиторлар комитетінің қалыптастырылған және бекітілген құрамына осы баптың талаптарын ескере отырып, өзгерістер енгізуі мүмкін.

5. Миналар :

- 1) кредиторлар комитеті мүшесінің кредиторлар комитетінің отырыстарына екі реттен артық дәлелсіз себептермен келмей қалуы;
- 2) борышкерге қоятын талаптарының үлкен сомасына ие кредитордың анықталуы;
- 3) кредиторлар комитеті мүшесінің өзін кредиторлар комитетінің құрамынан шығару туралы өтініші;
- 4) кредиторлар комитетінің құрамына кіретін кредитордың алдындағы міндептемелердің орындалуы;
- 5) кредитордың өзін кредиторлар комитетінің құрамына қосу туралы өтініші;
- 6) кредиторға кредиторлар комитетінің құрамында болуға кедергі келтіретін

өзге де мән-жайлар (занды күшіне енген сот актілері, кредитордың таратылуы не қайтыс болуы және басқалар) кредиторлар комитетінің қалыптастырылған және бекітілген құрамына өзгерістер енгізуудің негіздері бола алады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Кредиторлар комитетінің отырыстары

1. Кредиторлар комитетінің бірінші отырысы кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он бес күннен аспайтын мерзімде өткізілуге тиіс.

2. Кредиторлар комитеті бірінші отырысында:

1) дауысқа қою рәсімінде дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы берілетін комитет төрағасын сайлауға;

2) конкурстық басқарушының кредиторлар комитетінің алдында түгендеу жөнінде есеп беру мерзімін белгілеуге;

3) сыйақының сомасын және оны конкурстық басқарушыға төлеудің тәртібін белгілеуге міндетті.

3. Кредиторлар комитетінің бұдан кейінгі отырыстары комитет белгілейтін тәртіппен және мерзімде шақырылады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Кредиторлар комитетінің өкілеттігі

1. Кредиторлар комитеті мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын конкурстық іс жүргізу рәсімін өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекітеді;

2) оңалтушы немесе конкурстық басқарушының іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыру үшін кредиторлар комитеті мүшелерінің арасынан кредиторлар өкілін сайлауды;

3) сырттай байқау әкімшісінен, оңалтушы немесе конкурстық басқарушыдан борышкердің қаржылық жағдайы және сырттай байқау рәсімдерін, оңалту рәсімін және конкурстық іс жүргізууді жүзеге асыру барысы туралы ақпарат беруді талаға етеді;

4) оңалтушы немесе конкурстық басқарушының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) уәкілетті органға және (немесе) сотқа шағымданады, сондай-ақ оларды атқаратын міндеттерінен шеттету туралы уәкілетті органға жүргіну жөнінде шешім қабылдайды;

5) банкроттың өндіріп алынуы мүмкін емес дебиторлық берешегінің сомасын бекітеді;

6) конкурсстық басқарушы ұсынған конкурсстық массаны сату жоспарын бекітеді;

7) аудиторлық тексерудің және түгендеудің нәтижелерін назарға алады;

8) конкурсстық іс жүргізуді өткізу үшін шығыстардың баптары мен сметасын бекітеді;

9) егер бұл кредиторлардың мұдделеріне нұқсан келтірмесе, конкурсстық басқарушыға банкрот деп танылған кәсіпорынның өндірістік қызметін тоқтатпау жөнінде орынды болған жағдайда ұсыным береді;

10) борышкердің мемлекеттік қолдау шараларына жүгінуі және оналту рәсімін тоқтата тұру туралы келісім береді;

11) оналту жоспарында көзделгендерді қоса алғанда, борышкердің мүлкін (активтерін) кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс сату тәртібін айқындауды;

12) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктер.

2. Кредиторлар комитеті рәсімдерді жүзеге асыру барысы туралы ақпаратты:

1) сырттай байқау, конкурсстық іс жүргізу кезінде – айна кемінде бір рет;

2) жеделдетілген оналту рәсімінде, оналту рәсімінде – кредиторлар жиналысы белгілеген мерзімдерде кредиторлардың назарына жеткізуге міндетті.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

14-бап. Кредиторлар комитетінің шешім қабылдауы

1. Кредиторлар комитетінің отырысы комитет мүшелерінің немесе олардың сенімді тұлғаларының кемінде 2/3-сі қатысса, құқықты болады.

2. Кредиторлар комитетінің отырысы оналту рәсімінде, жеделдетілген оналту рәсімінде борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығы оларда сақталған жағдайларда, борышкер мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшылардың (қатысуышылардың), сырттай байқау әкімшісінің, оналтушы немесе конкурсстық басқарушының, кредиторлар комитеті мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылады.

Кредиторлар комитетінің мүшелері кредиторлар комитетінің отырысы өткізілетіні туралы отырыс өткізуге дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын хабардар етілуге тиіс.

Хабарламада отырыстың өткізілетін жері, күні мен уақыты туралы мәліметтер, күн тәртібі қамтылуға тиіс.

3. Кредиторлар комитетінің отырысы хаттамамен ресімделеді.

Хаттама дауыс беруге қатысқан кредиторлар комитетінің мүшелері туралы мәліметтерді, күн тәртібін, дауыс беру нәтижелерін және қабылданған шешімдерді қамтуға тиіс. Хаттамаға кредиторлар комитетінің дауыс беруге

қатысқан барлық мүшелері, сырттай байқау әкімшісі, оналтушы немесе конкурстық басқарушы қол қояды.

Сырттай байқау әкімшісі, конкурстық басқарушы хаттамаға кредиторлар комитетінің дауыс беруге қатысқан барлық мүшелері қол қойған сәттен бастап оны үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді.

4. Жеделдетілген оналту рәсімі, оналту, сырттай байқау рәсімі кезінде, сондай-ақ конкурстық іс жүргізу кредиторлары талаптарының тізілімі бекітілгенге дейін кредиторлар комитетінің шешімі «комитеттің бір мүшесі – бір дауыс» қағидаты бойынша кредиторлар комитеті мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Конкурстық іс жүргізу рәсімі кезінде, кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін кредиторлар комитетіне қатысатын кредиторлар өз талаптарының кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жалпы сомасына қатысты мөлшеріне барабар дауыс санын иеленеді.

Міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қолданылуға жататын тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар), төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздар, қолдан шығарылған пайда түріндегі шығындар, сондай-ақ өзге де муліктік және (немесе) қаржылық санкциялар кредиторлар комитетінде дауыстар санын анықтау мақсаты үшін есепке алынбайды.

5. Борышкердің қалған барлық кредиторларының борышкер кредиторлары комитетінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кредиторлар комитетіне ұсынымдар беру құқығымен кредиторлар комитетінің отырысына қатысуға күкіфы бар.

6. Борышкер мұлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшылардың (қатысушылардың) кредиторлар комитетінің отырысына қатысуға және кредиторлар комитетінің шешімдеріне сотқа шағымдануға құқығы бар.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-1 тарау. Жеделдетілген оналту рәсімі

Ескерту. Заң 2-1-тaraумен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1-бап. Жеделдетілген оналту рәсімін қолдану

1. Жеделдетілген оңалту рәсімі борышкөр мынадай шарттарға сәйкес келген:

1) борышкөрге қатысты банкроттық туралы немесе оңалту туралы іс қозғалмаған;

2) борышкөр коммерциялық ұйым болып табылған;

3) борышкөр төлемге қабілетсіз не таяу он екі ай ішінде ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі басталған кезде оларды орындауға қабілетсіз болған кезде қолданылады.

2. Өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкөр жауапты болатын азаматтардың талаптарын қоспағанда, борышкөрге қатысты жеделдетілген оңалту рәсімі еңбек шарты бойынша жұмыс істеген тұлғаларға еңбекақы және өтемақылар төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді төлеу бойынша, жалақыдан ұсталған міндettі зейнетақы жарналарын, авторлық шарттар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша біртекті кредиторлар тобы (топтары) алдындағы міндеттемелер бойынша енгізілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік қолдау шараларының қатысуышы болып табылатын борышкөрге қатысты жеделдетілген оңалту рәсімі осындай шараларды қолдану талаптарына сәйкес кез келген біртекті кредиторлар тобының (топтарының) міндеттемелері бойынша енгізілуі мүмкін.

4. Жеделдетілген оңалту туралы іске қатысуши тұлғалар:

1) борышкөр;

2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына (топтарына) кіретін кредиторлар болып табылады.

5. Жеделдетілген оңалту рәсімінде сот:

1) жеделдетілген оңалту рәсімін қолданады және тоқтатады;

2) мемлекеттік қолдау шараларының қатысуышы болып табылатын борышкөрдің жоспарын қоспағанда, оңалту жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік қолдау шараларының қатысуышы болып табылатын борышкөрдің жоспарын қоспағанда, оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) борышкөр жауапкер ретінде әрекет ететін мұліктік сипаттағы даулар бойынша істерді өзінің іс жүргізуіне қабылдайды;

5) жеделдетілген оңалту рәсіміне қатысуышылар арасындағы дауларды шешеді ;

6) қорытынды есепті бекітеді.

14-2-бап. Борышкөрдің жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы өтініші

1. Төлемге қабілеттілікті қалпына келтіру, төлемге қабілетсіздіктің басталуының алдын алу мүмкіндігі бар болған кезде борышкер жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы сот органына жүгінуге құқылы.

2. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша нысанда беріледі. Оған борышкер басшысы не қурылтай құжаттарына сәйкес оны алмастыратын тұлға қол қояды.

3. Б о р ы ш к е р д і н ө т і н і ш і :

1) өтініш берілетін соттың атауын;

2) кредиторлық берешек сомасы туралы мәліметтерді;

3) кредиторлардың оңалту жоспарын макұлдағаны туралы ақпаратты;

4) алдағы төлемдерді уақтылы өтеу мүмкін еместігінің себептерін қоса алғанда, кредиторлар талаптарын қанағаттандыру мүмкін еместігінің негізде месін;

5) борышкерде бар мүлік, оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, жалдауда және (немесе) лизингте тұрған мүлік, банк шоттарындағы ақшалай қаражат туралы мәліметтерді, шоттардың нөмірлерін және банктердің тұрған жерін, дебиторлық берешек сомасы туралы мәліметтерді;

6) борышкердің орындалу мерзімі басталмаған міндеттемелері туралы мәліметтерді;

7) шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпаратты кредиторлар алдында ашуы туралы борышкердің жазбаша міндеттемесін;

8) оңалту жоспарына енгізілмеген біртекті кредиторлардың топтарына жататын кредиторлардың кәдімгі коммерциялық операциялар шенберінде тиесілі төлемдерді алатыны және ұсынылған оңалту жоспары олардың құқықтарын езгертпейтіні және қозғамайтыны туралы борышкердің міндеттемесін;

9) қоса берілетін құжаттардың тізбесін қамтуға тиіс.

Борышкердің өтінішінде, егер борышкер олар сотта істі қарау үшін қажет деп есептесе, өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

Осы тармақтың 4), 5), 6), 8) тармақшаларының талаптары мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы болып табылатын борышкерге қолданылмайды.

4. Жеделдетілген оңалту рәсіміне бастамашылық ету жөніндегі шығыстар борышкердің қаражаты есебінен жабылады.

5. Борышкердің жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішіне:

1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленгенін;

2) берешектің бар-жоғын не оның басталғанын, сондай-ақ борышкердің кредиторлар талаптарын қанағаттандыруға қабілетсіздігін растайтын басқа да құжаттар;

3) борышкердің өтініші негізделген өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

Мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы болып табылатын борышкер

осындай шаралар қатысушысының мэртебесін растайтын құжатты қосымша
түрде табыс етеді.

Осы тармақтың 2) тармақшасының талаптары мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы болып табылатын борышкерге қолданылмайды.

6. Борышкердің өтінішіне:

1) оналту жоспары;

2) берешектің сомасы, оның түзілген күні көрсетілген және біртекті кредиторлардың топтары бойынша бөлінген кредиторлар тізбесі;

3) отырыстың хаттамасы және (немесе) талаптарының сомасы оналту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлардың әрбір тобы (топтары) талаптарының жалпы сомасының елу пайызынан астамын құрайтын кредиторлардың оналту жоспарын мақұлдағаны туралы жазбаша растауы;

4) борышкерге қойылған талап арыздарды соттардың іс жүргізуге қабылдағаны туралы, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығарылуға қойылған талаптар туралы мәліметтер;

5) егер кредиторлар оналту жоспарын қарау және келісу кезеңінде кредиторлар органын құрған болса, осындай орган мүшелерінің тізімі;

6) құрылтай құжаттарының көшірмелері де қоса беріледі.

Осы тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларының талаптары мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы болып табылатын борышкерге қолданылмайды.

7. Борышкердің өтінішіне қоса берілетін барлық құжаттарға өтініш берген тұлға қол қояды және олар мөрмен куәландырылады.

8. Борышкердің жеделдетілген оналту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуін, егер:

1) борышкер осы Заның 14-1-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген;

2) өтініш осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, сот қарамай қайтарады.

14-3-бап. Кредиторлардың жеделдетілген оналту рәсіміне қатысуы

1. Біртекті кредиторлардың бүкіл тобының (топтарының) мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында жеделдетілген оналту рәсіміне қатысатын кредиторлардың жиналышы шақырылады.

2. Кредиторлардың алғашқы жиналышы соттың жеделдетілген оналту рәсімін қолдану туралы шешімі шығарылған сэттен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізуінде тиіс.

3. Мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы болып табылатын борышкерге жеделдетілген оналту рәсімі қолданылған жағдайда, борышкердің жоғарыда аталған шаралар шенберінде қалыптастырылған кредиторлар органына

кредиторлар жиналысының және комитетінің осы Заңда белгіленген өкілеттіктері қолданылады.

4. Кредиторлардың жиналыстарын, кредиторлар комитетінің отырыстарын өткізу, кредиторларды хабардар ету жөніндегі шығыстар борышкердің қаражаты есебінен жабылады.

5. Кредиторлардың жиналысына қатысу құқығы кредиторларға, борышкерге, борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға) немесе олардың өкілдеріне тиесілі.

6. Кредиторлар жиналысын ұйымдастыруды және өткізуді борышкердің немесе оны басқару органдарының тұрған жері бойынша борышкер жүзеге асырады.

7. Осы Заңның мақсаттары үшін кредиторларға, сондай-ақ кредиторлардың жиналысына қатысу құқығына ие өзге де тұлғаларға кредиторлар жиналысы өткізілетіні туралы хабардың кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күні бұрын пошта арқылы тапсырыс хатпен жіберілуі тиісінше хабардар ету болып танылады. Егер кредиторлар саны елуден астам болған жағдайда, кредиторлар жиналысы өткізілетіні туралы хабардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкер тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күні бұрын қазақ және орыс тілдерінде жариялануы тиісінше хабардар ету болып танылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жерде орналасқан кредитор үшін кредиторға хабардың кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күні бұрын пошта арқылы тапсырыс хатпен жіберілуі тиісінше хабардар ету болып танылады.

Тұрақты немесе көбінесе тұратын жері немесе тұрған жері бойынша жеке хабардар ету үшін қажет мәліметтерді анықтау мүмкін болмаған кезде не мұндай хабардар етуді мүмкін емес ететін өзге мән-жайлар болған кезде кредиторлар жиналысының өткізілетіні туралы мәліметтерді осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жариялау осындай тұлғаларды тиісінше хабардар ету болып танылады.

Борышкерде интернет-ресурс бар болған кезде, кредиторлар жиналысының өткізілетіні туралы хабарламаны кредиторлар жиналысы өткізуге дейін жеті жұмыс күні бұрын аталған интернет-ресурста жариялау міндетті болып табылады.

Кредиторлар жиналысының өткізілетіні туралы хабарламада мынадай мәліметтер:

- 1) борышкердің атаяуы, тұрган жері және оның мекенжайы;
 - 2) кредиторлар жиналышының өткізілетін күні, уақыты және орны;
 - 3) кредиторлар жиналышының күн тәртібі;
 - 4) кредиторлар жиналышының қарауына жататын материалдармен танысу
- тәртібі қамтылуға тиіс.

8. Кредиторлар жиналышының қатысушысы немесе оның сенімді адамы жиналышқа тікелей қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, осы Занда көзделген жағдайларды қоспағанда, сырттай дауыс беруге құқылы.

Кредиторлар жиналышының қатысушысы сырттай дауыс беру тәсілін таңдаған жағдайда, ол жиналыш өткізуге дейін бес жұмыс күні бұрын бұл туралы борышке рге хабарлауға тиіс.

Борышкер жиналыш өткізуге дейін үш жұмыс күні бұрын күн тәртібіне қатысты материалдарды кредиторлар жиналышының осындай қатысушысына танысу үшін жіберуге немесе табыс етуге міндетті.

9. Кредиторлар жиналышына қатысатын кредиторлар өз талаптарының жиналышқа қатысушы кредиторлар талаптарының жалпы сомасына қатысты барабар мөлшерінде дауысқа ие болады.

Міндеттемелерді орындағаны не тиісінше орындағаны үшін қолданылуға жататын тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар), төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздар, қолдан шығарылған пайда түріндегі шығындар, сондай-ақ өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялар кредиторлардың жиналышында дауыстар санын анықтау мақсаты үшін есепке алынбайды.

10. Кредиторлар жиналышы оған оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлардың әрбір тобының жалпы дауыс санының кемінде жетпіс бес пайызын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты. Кредиторлардың қайтадан шақырылған жиналышы, кредиторлар жиналышының өткізілу уақыты мен орны туралы кредиторлар тиісінше хабардар етілген жағдайда, оған оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлардың әрбір тобының жалпы дауыс санының жартысынан астамына ие кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты.

11. Кредиторлар жиналышының шешімдері кредиторлар жиналышына қатысатын кредиторлардың жалпы дауыс санының көпшілік даусымен қабылданады.

12. Кредиторлар жиналышының хаттамасы екі данада жасалады, оның біреуі сотқа, екіншісі кредиторлар комитетіне беріледі.

Кредиторлар жиналышының хаттамасына: жиналышқа қатысушылар өкілдерінің өкілеттіктерін растайтын құжаттардың; жиналышқа қатысушыларға танысу және (немесе) бекіту үшін ұсынылған

мат ериал д а р дың ;

кредиторлар жиналысының өткізілу күні мен орны туралы кредиторлардың тиісінше хабардар етілгенін айғақтайтын дәлелдемелер болып табылатын **құжаттардың ;**

борышкердің қалауы бойынша өзге құжаттардың көшірмелері қоса тіркелуге **т и i с .**

13. Кредиторлар жиналысының ерекше құзыretіне:

1) кредиторлар комитетінің санын айқындау, құрамын қалыптастыру және **бекіту ;**

2) кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер енгізу;

3) оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды келісу;

4) кредиторлар комитеті мүшелерінің жеделдетілген оңалту рәсімін жүзеге асыру барысы туралы ақпаратты кредиторлардың назарына жеткізу тәртібін **айқындау ;**

5) оңалту жоспарында көзделмеген, кәдімгі коммерциялық операциялар шенберінен **тыс мәмілелерді келісу ;**

6) жеделдетілген оңалту рәсімін ұзартуды келісу;

7) қорытынды есепті келісу ;

8) осы Занда көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

14. Кредиторлар жиналысының құзыretіне кіретін, осы баптың 13-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде сырттай дауыс беруге жол берілмейді.

15. Кредиторлар комитетінің отырысы, оны өткізу және шешімдерді қабылдау осы Заның 14-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

14-4-бап. Оңалту жоспары

1. Оңалту жоспары борышкердің төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру (оңалту шаралары), орындау мерзімі басталмаған міндеттемелерді өтеу мүмкін еместігіне байланысты төлемге қабілетсіздіктің туындауын болғызбау бойынша нақты іс-шараларды және жеделдетілген оңалту рәсіміне қатысатын біртекті кредиторлар топтары алдындағы берешекті өтеу және (немесе) алдағы төлемдер **ке с т е с і н қ а м т у ф а т и с .**

Оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар кредиторлар жиналысының келісімімен **енгізіледі және оларды сот бекітеді.**

2. Оңалту шаралары санацияны, сауда-саттық жүргізу арқылы мұлік (активтер) сатуды, борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беруді, негізгі борыш сомасының бір бөлігін есептен шығаруды, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығаруды, борыштарды акцияларға айырбастауды, бітімгершілік келісімін жасасуды және басқаларды қоса алғанда, борышкердің төлемге қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген

ұйымдастырушылық-шаруашылық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс - шарапаларды қамтуы мүмкін.

3. Егер оңалту жоспары ақшалай қаражат көзі ретінде кредиттер (микрокредиттер) алуды қамтыған, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын көздеген жағдайда, оңалту жоспарына кредит (микрокредит) алуға арналған шарт не қаржылық ұйымның оң шешімі не мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы мәртебесін алғандығын растайтын құжат қоса тіркеледі.

14-5-бап. Жеделдетілген оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғау және оның салдары

1. Сот осы Заңның 14-2-бабында белгіленген талаптарға сай келетін, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті алып, өтініш келіп түскеннен кейін бес жұмыс қунінен кешіктірмей істі қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. Жеделдетілген оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған сәттен бастап:

1) борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға), занды тұлғаның барлық органдарына мүлікті кәдімгі коммерциялық операциялар шенберінен тыс пайдалануға және өткізу ге тыйым салынады;

2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредиторлардың, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (олар уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкіне қатысты талап арыздары бойынша соттардың, аралық соттардың бұрын қабылданған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға жол берілмейді;

4) борышкер мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы мәртебесін алған жағдайда, кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға жол берілмейді;

5) борышкер оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобының әрбір кредиторына іс бойынша іс жүргізу дің қозғалғаны туралы хабарламаны бес жұмыс қуні ішінде жіберуге міндettі;

6) кредиторлар хабарламада көрсетілген кредиторлық берешек сомасымен келіспеген жағдайда, жеделдетілген оңалту туралы істі қарайтын сотқа хабарлама алған сәттен бастап бес жұмыс қуні ішінде қарсылық жіберуге құқылы;

7) жеделдетілген оңалту рәсіміне тартылған кредиторлардың талаптары

бойынша, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандыруға жататын талаптар бойынша борышкердің банктік шоттарынан ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкер мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

3. Борышкердің кредиторларға жіберетін хабарламасында:

- 1) жеделдетілген оңалту туралы істің қозғалғаны туралы ақпарат;
- 2) жеделдетілген оңалту туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған соттың атауы және оның тұрған жері;

3) жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішке қоса тіркелген құжаттарда көрсетілген кредитор талаптарының сомасы, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсіміне қатысатын біртекті кредиторлар тобы (топтары) талаптарының жалпы сомасы;

4) көрсетілген кредиторлық берешек сомасымен келіспеген жағдайда, кредитордың хабарламаны алған сэттен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа қарсылық бере алатыны туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Борышкер жеделдетілген оңалту рәсімі туралы іс бойынша іс қозғалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарландырулардың көшірмелерін, хабарламалардың түпнұсқаларын оларды кредиторлардың алғанын, не кредитордың тұрған жері бойынша болмауы себепті оларды тапсыру мүмкін болмағанын растаумен бірге, сотқа табыс етуге тиіс.

14-6-бап. Истің сотта қаралуы

1. Жеделдетілген оңалту туралы істі сот талқылауына дайындау кезінде сот Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген іс-әрекеттерден басқа, жеделдетілген оңалту рәсіміне тартылған кредиторларды және прокурорды істің сотта қаралатын уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

2. Исті алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін, бірақ ол қозғалғаннан кейінгі он бес күннен кешіктірілмей, жеделдетілген оңалту туралы іс сот талқылауына тағайындалуға тиіс, бұл туралы сот ұйғарым шығарады.

Сот жеделдетілген оңалту туралы істі іс қозғалған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қарауға тиіс.

3. Жеделдетілген оңалту туралы істі алдын ала дайындау мерзімі іс қозғалған сэттен бастап он бес күннен аспауға тиіс.

4. Сот мынадай шарттар орындалған:

1) сот талқылауы барысында борышкер төлемге қабілетсіздігін не орындау мерзімі таяу он екі айда басталатын ақшалай міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігін дәлелдеген;

2) борышкер іс бойынша іс жүргізудің қозғалғандығы туралы кредиторларды хабардар ету бойынша талаптарды толық көлемде орындаған;

3) жеделдетілген оңалту рәсімін қолдануға келісім бермеген кредиторлардың мүліктік мұddeлері оңалту жоспарында ескерілген;

4) оңалту жоспарын мақұлдаған кредиторлардың талаптары біртекті кредиторлардың тиісті тобы (топтары) талаптарының жалпы сомасының елу пайызынан астамын құраған кезде жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы

с о т

ш е ш і м і н

ш ы ф а р а д ы .

Осы тармақтың 1), 4) тармақшаларының талаптары мемлекеттік қолдау шараларының қатысуышы болып табылатын борышкерге қолданылмайды.

5 . С о т ш е ш і м і :

1) борышкердің атауын, оның тұрған жерін, банктік шоттары туралы мәліметтерді, салық төлеушінің тіркеу нөмірін (бизнес-сәйкестендіру нөмірін), басшының тегін, атын, әкесінің атын, телефонның байланыс нөмірін;

2) жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы нұсқауды;

3) мемлекеттік қолдау шараларының қатысуышы болып табылатын борышкерге жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану жағдайларын қоспағанда, оңалту жоспарын бекіту туралы нұсқауды;

4) жеделдетілген оңалту рәсімінің мерзімі туралы мәліметтерді;

5) оңалту жоспарына енгізілген кредиторлар тізбесін;

6) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобы (топтары)
т а л а п т а р ы н ы н с о м а с ы н ;

7) жеделдетілген оңалту рәсімін қолданудың осы Заңда көзделген салдарларының басталғаны туралы нұсқауды;

8) борышкердің оңалту жоспарын орындау нәтижелері бойынша қорытынды есепті беруі туралы нұсқауды қамтуға тиіс.

6 . С о т м ы н а д а й :

1) сот талқылауы барысында борышкер төлемге қабілетсіздігін және (немесе) алдағы төлемдерді уақтылы өтеу мүмкіндігі жоқтығын растамаған;

2) борышкер осы Заңның 14-5-бабы 4-тармағының талаптарын орындамаған және борышкер кредиторды оның тұрған жері бойынша болмауы себепті хабардар етудің мүмкін болмағанын дәлелдемеген;

3) кредиторларға жіберілген іс бойынша істі қозғау туралы хабарламалар осы Заңның 14-5-бабының 3-тармағының талаптарына сәйкес келмеген;

4) жеделдетілген оңалту рәсімін қолдануға келісім бермен кредиторлардың мұліктік мүдделері оңалту жоспарында ескерілмеген;

5) оңалту жоспарына келісім берген біртекті кредиторлар тобына жатпайтын кредиторлардың құқықтарын оңалту жоспары өзгерткен және қозғаған;

6) борышкер ұсынған құжаттар оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлардың әрбір тобы талаптарының жалпы сомасының елу пайызынан астамын білдіретін кредиторлардың оңалту жоспарын мақұлдағанын растамаған жағдайларда, жеделдетілген оңалту рәсімін қолданудан бас тартады.

Осы тармақтың 5), 6) тармақшаларының талаптары мемлекеттік қолдау

шараларының қатысуышысы болып табылатын борышкерге қолданылмайды.

7. Сот талқылауы барысында осы баптың 6-тармағында көрсетілген мән-жайлар анықталмаған жағдайларда, сот жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарады.

14-7-бап. Жеделдетілген оңалту рәсімінің мерзімі

Жеделдетілген оңалту рәсімінің жүзеге асырылу ұзақтығы екі жылдан аспауға тиіс. Сот борышкердің өтініші бойынша рәсімнің жүзеге асырылу мерзімін кредиторлар жиналысының келісімімен алты айдан аспайтын мерзімге үзартуға құқылы .

Борышкерге мемлекеттік қолдау шаралары қолданылған жағдайда, сот рәсім мерзімін бекітілген оңалту жоспарына сәйкес белгілейді.

14-8-бап. Жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту салдарлары

1. Сот жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарған және оңалту жоспарын бекіткен сәттен бастап мынадай салдарлар басталады:

1) борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысуышыларға), заңды тұлғаның барлық органдарына кредиторлар жиналысының немесе борышкерге мемлекеттік қолдау шараларын қолдану кезінде құрылған кредиторлардың өзге органдарының келісімінсіз, оңалту жоспарында көзделгендерді қоспағанда, мүлікті кәдімгі коммерциялық операциялар шенберінен тыс пайдалануға және өткізуге тыйым салынады;

2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредиторлардың, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (ол уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысуышылардың) борышкер мүлкіне қатысты талап арыздары бойынша соттардың, аралық соттардың бұрын қабылданған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға жол берілмейді ;

4) борышкерге мемлекеттік қолдау шаралары қолданылған жағдайда, кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға жол берілмейді .

2. Жеделдетілген оңалту рәсімінің мерзімі ішінде борышкер әр айдың 15-інен кешіктірмей өткен айдағы қаржылық жағдайы, кәдімгі коммерциялық операциялар барысында жүргізілген мәмілелер туралы ақпаратты кредиторлар комитеті мүшелерінің назарына жеткізуге, кредиторлар комитетінің талабы бойынша кез келген ақпаратты ұсынуға міндettі.

3. Оңалту жоспарына қосылған кредиторлармен есеп айырысу оңалту жоспарында көзделген өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жеделдетілген оңалту рәсіміне тартылмаған, қалған кредиторлармен есеп айырысу кәдімгі коммерциялық операциялар шенберінде жүзеге асырылады.

14-9-бап. Жеделдетілген оңалту рәсімін тоқтату

1. Жеделдетілген оңалту рәсімін:

- 1) кредиторлар жиналышымен келісілген қорытынды есеп табыс етілген;
- 2) егер мерзімді ұзарту үшін негіз болмаса, жеделдетілген оңалту рәсімінің м е р з і м і ө т к е н ;

3) оңалту жоспарын орындау кезінде, сондай-ақ осы Заң нормаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда кредиторлар жиналышының шешімі негізінде жиналыш уәкілеттік берген тұлғаның өтініші бойынша;

4) оған қатысты борышкер өтеу кестесін үш айдан астам мерзім ішінде орындамаған кредитордың өтініші бойынша;

5) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына жатпайтын кредитордың не талаптары жеделдетілген оңалту рәсімін өткізу кезеңінде туындаған кредитордың өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғалған жағдайларда ;

6) оңалту жоспары құқықтары мен заңды мұдделерін бұзган және (немесе) ескермеген, оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына жататын кредитордың өтініші бойынша сот тоқтатады.

2. Жеделдетілген оңалту рәсімі тоқтатылған сэттен бастап осы Заңның 14-8-бабында белгіленген шектеулер алып тасталады, кредиторлар өз құқықтарын іске асыруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

3-тaraу. Банкроттық немесе оңалту туралы істерді сот тәртібімен қарau

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

15-бап. Банкроттық немесе оңалту туралы іс қозғау тәртібі

1. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу сотта осы Заңның 4-бабында көзделген негіздер болған кезде – борышкердің, кредитордың (кредиторлардың), осы Заңның 26-бабында көзделген жағдайларда – прокурордың, осы Заңның 53-бабында көзделген жағдайда оңалтушы басқарушының өтініші негізінде қ о зғ а л а д ы .

2. Борышкерді банкрот деп тану туралы кредитордың өтінішін сотқа беру құқығына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер жөніндегі кредиторлар – жеке және заңды тұлғалар и е б о л а д ы .

3. Оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу осы Заңның 4-бабында көзделген негіздер бар болған кезде борышкердің өтініші негізінде сотта қозғалады.

Борышкердің банкроттық туралы іс қозғалғандығы туралы сот ұйғарымының көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті сотқа жолдауға да құқығы бар.

4. Сот борышкерді банкрот деп тану туралы немесе оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарған сәттен бастап банкроттық немесе оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды деп есептеледі.

5. Банкрот деп тану туралы борышкер, оңалтушы басқарушы берген өтініш соттың тиісті шешімінсіз кері қайтарып алынбайды. Осы Заңның 53-бабында көзделген негіздер бойынша өтініш берілген жағдайларды қоспағанда, кредитордың (кредиторлардың), прокурордың өтінішін ол (олар) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Банкроттық немесе оңалту туралы іске қатысушы тұлғалар

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Мыналар банкроттық немесе оңалту туралы іске қатысушы тұлғалар бола а л а д ы :

- | | |
|--|-----------------------------------|
| 1) | б о р ы ш к е р ; |
| 2) | к р е д и т о р л а р ; |
| 3) кредиторлардың еңбекке ақы төлеу жөніндегі өкілі; | 4) пр о к у р о р ; |
| 5) борышкер мүлкінің иесі немесе ол уәкілдік берген орган; | 6) у ә к і л е т т і о р г а н . |
| 7) | < * > |

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Борышкердің өтініші

1. Борышкер өзін банкрот деп тану туралы:

- 1) занды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілдік берілген органның;
- 2) борышкер мүлкі иесінің немесе ол уәкілдік берген органның шешімдері

негізінде сотқа жүгінуге құқылы.

2. Борышкер мүлкінің иесі, ол уәкілдік берген орган, заңды тұлғаның құрылтайшылары немесе құзыретті органды, оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүлік кредиторлардың талаптарын толық көлемінде қанағаттандыруға жеткіліксіз болған жағдайда, борышкер өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге міндettі.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
Зандарымен.

18-бап. Борышкер өтінішінің нысаны мен мазмұны

1. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша түрде беріледі. Оған борышкердің - заңды тұлғаның басшысы немесе құрылтай құжаттарына сәйкес оның орнындағы адам қ о л қ о я д ы .

2. Б о р ы ш к е р д і н ө т і н і ш і :

1) өтініш берілетін сottың атауын;

2) кредиторлар талаптарын қанағаттандыру мүмкін еместігінің негіздемесін;

3) борышкерде бар мүлік, оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, жалдауда және лизингте тұрған мүлік, банк шоттарындағы ақша туралы мәліметтерді; шоттардың нөмірлерін және банктердің тұрған жерін, дебиторлардың тұрған жері мен берешек сомасы көрсетілген тізбесін;

4) борышкердің орындалу мерзімі басталмаған міндеттемелері туралы мәліметтерді;

5) борышкер қызметінің табиғи монополия саласына қатысы туралы немесе осы борышкердің тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектісі болып табылатыны туралы ақпаратты;

6) қоса берілетін құжаттар тізбесін қамтуға тиіс.

Борышкердің өтінішінде, егер банкроттық немесе оңалту туралы істі қарauға қажет болса өзге де мәліметтер, сондай-ақ өтініш берушіде бар қолдаухаттар көрсетілуі мұмкін .

Борышкер уәкілетті органға өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін жіберуге міндettі.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 1997.07.11 № 154, 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2004.04.08 № 542, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

19-бап. Борышкердің өтінішіне қоса берілетін құжаттар

1. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішіне:

1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленгенін;

2) берешектің бар-жоғын, сондай-ақ борышкердің кредиторлар талаптарын қанағаттандыруға қабілетсіздігін;

3) борышкердің өтініші негізделетін өзге мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

2. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішіне:

1) борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болған, меншік иесінің немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың), заңды тұлға орнадарының шешімі;

2) соңғы үш жылдағы және өтініш берген кезге қаржылық есептілік, көрсетілген кезең үшін борышкердің барлық міндеттемелері бойынша салықтық есептілік, тиісті берешектің сомасы мен түзілу күнін көрсете отырып, барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі (салық төлеушінің тіркелу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, заңды мекен жағы);

3) борышкер еңбек ұжымының (қызметкерлерінің) банкроттық туралы іске қатысу үшін өкілі жасырын дауыс беру арқылы сайланған жиналышының (конференциясының) хаттамасы;

4) құрылтай құжаттарының көшірмелері;

5) егер борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылған жағдайда, табиғи монополия салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ол борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі жөніндегі жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде беретін қорытындысы;

6) егер борышкер тиісті тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектісі болып табылған жағдайда, монополияға қарсы органның ол борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі жөніндегі жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде беретін қорытындысы;

7) егер борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі жүргізілсе, сырттай байқау әкімшісінің қорытындысы;

8) борышкерге қойылған, соттар іс жүргізуге қабылдаған талап арыздар туралы, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығаруға қойылған талаптар туралы мәліметтер де қоса беріледі.

3. Оңалту рәсімін тоқтату және борышкерді банкрот деп тану туралы оңалтушы басқарушының өтініші, осы баптың 2-тармағының 1), 3) және 7) тармақшаларында көзделгендерді қоспағанда, осы баптың 1, 2-тармақтарында көзделген мәліметтер мен құжаттарды қамтуға тиіс.

4. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішіне:

1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленгенін;
2) берешектің бар-жоғын, сондай-ақ борышкердің кредиторлар талаптарын

қанағаттандыруға қабілетсіздігін не ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі таяу он екі айда басталған кезде оған оларды орындастын күйде болмайтын төлемге қабілетсіздік қатерінің төнгенін;

3) борышкердің өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

5. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішіне:

1) борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болған, борышкер мұлкінің меншік иесінің (ол уәкілдепдердің берген органның), құрылтайшылардың (қатысушылардың), занды тұлға органдарының шешімі;

2) соңғы үш жылдағы қаржылық есептілік, тиісті берешектің сомалары мен түзілген күнін көрсете отырып, барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі (салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, занды мекенжайы), сондай-ақ өтініш берілген кездегі активтер, міндеттемелер мен меншікті капитал туралы мәліметтерді қамтитын қаржылық жағдай туралы мәліметтер;

3) борышкерге қойылған, соттар іс жүргізуге қабылдаған талап арыздар туралы, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығаруға қойылған талаптар туралы мәліметтер;

4) егер борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі енгізілген жағдайда, сырттай байқау әкімшісінің төлемге қабілеттікті қалпына келтіру мүмкіндігі туралы қорытындысы;

5) құрылтай құжаттарының көшірмелері қоса беріледі.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. <*>

Ескерту. 20-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-бап. Борышкер өтінішінің қаралмай қайтарылуы

1. Борышкердің банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы, осы Заңың 18 және 19-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішпен сотқа жүгінуі өтінішті қарамай қайтаруға негіз болып табылады.

2. Борышкер үшін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну осы Заңға сәйкес міндетті болып табылған және қажетті құжаттар өтінішке қоса тіркелмеген жағдайларда мұндай өтінішті сот іс жүргізуге қабылдайды, ал жеткіліксіз құжаттарды сот қарауына істі дайындау тәртібімен сот сұратып алады

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Кредитордың (кредиторлардың) өтінішті

1. Азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредитор (кредиторлар) өтініштерінің негізінде банкроттық туралы іс қозғалуы мүмкін.

2. Кредитордың өтініші сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жалпы ережелер бойынша беріледі.

3. Кредитордың өтінішінде мыналар көрсетілуге тиіс:

1) өтініш беріліп отырған соттың атауы;

2) борышкердің - дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері немесе борышкердің - занды тұлғаның атауы, орналасқан ж е р i ;

3) кредитордың - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері немесе кредитордың - занды тұлғаның атауы, орналасқан жері;

4) борышкердің кредитор алдындағы оның талабынан туындаған міндеттемесі, бұл міндеттеменің орындалу мерзімі;

5) осы кредитордың борышкерге қойған талаптарының мәні мен сомасы;

6) міндеттеме бойынша берешек сомасы және орындамағаны үшін айыпп-ақы (айыппұл, өсім) және борышкерден өндіріп алуға жататын зияндар осы сомаға есептеген сыйақы (мұдде);

7) кредитор талаптарының белгіленген құқықтық негіздері (сот шешімі, бұл талаптарды борышкердің мойындауы, ал олар жоқ болған кезде - кредитор талаптарының негізділігін және олардың сомасын растайтын дәлелдемелер);

8) борышкерде бар мүлік туралы кредиторға белгілі мәліметтер;

9) қоса тіркелетін құжаттар тізбесі;

10) борышкерге талаптар қою айғағы;

11) егер банкроттық туралы істі қарau үшін қажет болса, өзге де мәліметтер.

4. Кредитор борышкерге және уәкілетті органға өтініштің және оған қоса тіркелетін құжаттардың көшірмесін жіберуге міндетті.

5. Кредитордың осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген талаптарға сай келмейтін, сондай-ақ қажетті құжаттар қоса тіркелмей берілген өтінішін сот қаралмай қайтарады .

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154, 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

23-бап. Кредитордың өтінішіне қоса тіркелетін құжаттар

Кредитордың борышкердің банкрот деп тану туралы өтінішіне:

- 1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіп пен мөлшерде төленгенін;
- 2) кредитор өтініші көшірмесінің және оған қоса тіркелген құжаттардың борышкерге және уәкілетті органға жіберілгенін;
- 3) борышкердің кредитор алдындағы міндеттемелері, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешектің бар-жоғы мен сомасын;
- 4) кредитор талаптарының орындылығын (орындау құжаттары, соттың шешімі немесе кредитордың талаптарын борышкердің жазбаша түрде м о й ы н д а у ы) ;
- 5) кредитордың өтініші негізделген өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса тіркеледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
Заңдарымен.

24-бап. Бір немесе біrnеше кредитордың талаптарын біrіктіру

1. Кредитордың әртүрлі міндеттемелер бойынша борышкерге қойған біrnеше талапты біr өтінішке біrіктіруге құқығы бар.
2. Кредиторлардың борышкерге қойған өз талаптарын біrіктіруге және сотқа біr өтінішпен жүгінуге құқығы бар. Мұндай өтінішке өз талаптарын біrіктірген кредиторлар қол қояды.

25-бап. <*>

Ескерту. 25-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Прокурордың мәлімдемесі

1 . П р о к у р о р :

- 1) өзі әдейі банкроттық белгілерін анықтағанда;
- 2) кредитор Қазақстан Республикасының, мемлекеттік органдардың мұдделерін көздеп;
- 3) жоқ борышкердің кредиторларының мудделерін көздеп борышкерді банкрот деп тану туралы мәлімдеме жасауға құқылы.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе немесе құқықтық қатынастардың мәнінен туындаласа, прокурордың мәлімдемесі сотқа осы Заңда кредитордың өтінішіне қатысты көзделген талаптарды сақтай отырып беріледі.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
Заңдарымен.

27-бап. Банкроттық немесе оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау

1. Борышкерді банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін өтінішті ала отырып, сот өтініш келіп түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. Іс қозғау туралы ұйғарым мүлікке құқықты тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік және өзге де органдардың осы Заңының 28-бабының 1-тармағында көзделген шектеулерді қолдану туралы міндетін қамтуға тиіс.

3. Сот іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелерін борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік және өзге де органдарға, жеке сот орындаушыларының өнірлік алқасына және борышкердің тұрған жері бойынша аумақтық атқарушылық іс жүргізу оғанына жібереді.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

28-бап. Банкроттық немесе оңалту туралы іс бойынша іс қозғаудың салдарлары

1. Банкроттық немесе оңалту туралы іс бойынша іс қозғалған сәттен бастап:

1) борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға), заңды тұлғаның барлық органдарына мүлікті кәдімгі коммерциялық операциялардан тыс пайдалануға және өткізуғе түйым салынады;

2) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төлемдерді қоспағанда, сottардың, аралық cottардың, салық органдарының, сондай-ақ меншік иелерінің (құрылтайшылардың, қатысушылардың) немесе борышкер органдарының борышкер мүлкіне қатысты бұрын қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) кредиторлардың борышкерге қоятын кез келген талаптары осы Заңда көзделген банкроттық немесе оңалту рәсімдері шегінде ғана қойылуы мүмкін;

4) кредиторлардың, салық органы мен салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер жөніндегі өзге де уәкілетті мемлекеттік органның талаптары, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуға жататын талаптары бойынша борышкердің банк шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп аруды қолдануға жол берілмейді;

5) борышкердің акцияларын, мүлкіндегі үлестерді иеліктен шығаруға тыйым салынады.

2. Сот Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында банкроттық немесе оналту туралы іс бойынша іс қозғалғандығы туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жеті жұмыс күні ішінде жариялауға міндетті.

Хабарландыруды жариялау борышкерді банкрот деп тану немесе оналту рәсімін қолдану туралы өтініш берген тұлғаның қаражаты есебінен жүзеге асырылады, ол осы Заңның 40-бабында белгіленген тәртіппен өтелуге жатады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Кредитордың немесе прокурордың мәлімдемесіне борышкердің жауабы

1. Борышкер сottың банкроттық туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымының көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде сотқа кредитордың немесе прокурордың мәлімдемесіне жауап қайтаруға міндетті.

2 . Ж а у а п т а :

1) жауап жіберіліп отырған сottың атауы;

2) мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы, мәлімдеменің нөмірі мен күні;

3) борышкердің мәлімдеуші талабына қарсылықтары;

4) өзге кредиторлар алдындағы міндеттемелер, борышкер қызметкерлерінің енбегіне ақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу, салық және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі берешектің жалпы сомасы;

5) борышкердің қолында бар мүлік, оның ішінде кепілге берілген, жалдаудағы немесе лизингтегі мүлік туралы, банктер шоттарындағы ақша туралы мәліметтер, шоттардың нөмірлері және банктердің тұрғылықты жері, дебиторлардың тұрғылықты жері және олардың берешегінің сомасы көрсетілген т і з б е с і ;

6) борышкер мойындаған жағдайда мәлімдеуші талаптарының қанағаттандырылғанына айғақтар.

3. Борышкердің жауабына борышкердің:

1) орындау мерзімі жеткен борыштық міндеттемелерін орындауға;

2) орындау мерзімі борышкерді банкрот деп тану туралы арыз берілген кезден бастап үш айдың ішінде келетін борыштық міндеттемелерін орындауға

қабілетті екенін растайтын құжаттары қоса берілуге тиіс.

4. Борышкер жауабының болмауы не оның осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімді дәлелді себепсіз бұза отырып тапсырылуы борышкердің өзінің дәрменсізділігін мойындауы деп қаралады және соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығаруына негіз болуы мүмкін.

5. Борышкердің жауабында өзін дәрменсіз деп тануды білдіруі соттың оны банкрот деп тану туралы шешім шығаруына негіз болады.

Борышкер жауабында өзінің дәрменсізділігін мойындаған жағдайда осы баптың 3-тармағында аталған құжаттардың табыс етілуі міндетті емес.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 29-бапқа өзгерту енгізілді - 2001.07.11. № 239, 2004.04.08. № 542, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен .

29-1-бап. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуі тоқтата тұру және қайта бастау

1. Сот борышкердің банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу шенберінде оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішін алып, өтініш келіп түскеннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуі тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарады.

2. Соттың банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуі тоқтата тұру туралы ұйғарымының көшірмелерін сот борышкерге, өтініш иесіне, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының өнірлік алқасына және борышкердің тұрған жері бойынша аумақтық атқарушылық іс жүргізу органына жібереді.

3. Сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуі мынадай:

- 1) сот оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қараусыз қалдырған;
- 2) оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім шығарылған;
- 3) осы Заңның 53-бабында көзделген негіздер бойынша оңалту рәсімін тоқтатқан жағдайларда қайта бастайды.

4. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу соттың ұйғарымымен қайта басталады.

Ескерту. Заң 29-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Кредиторлардың талаптарын қамтамасыз ету

Кредитордың немесе прокурордың не іске қатысуши өзге адамның өтініші бойынша сот кредиторлардың талаптарын қамтамасыз ету жөнінде мынадай шаралар қолдануға :

- 1) борышкерге тиесілі мүлікке (оның бір бөлігіне), соның ішінде ақшаға

2) борышкер мұлкінің азайып кетуіне не кредиторлардың мұдделеріне өзгеше түрде нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттер жасаудың борышкеге тыйым салуға;

3) өндіріп алу даусыз (акцептсіз) тәртіппен жүргізілетін орындау құжаттары немесе өзге де құжаттар бойынша өндіріп алуды тоқтата тұруға құқылы.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154, 2002.08.09. № 346 Зандарымен.

31-бап. Исті соттың қарауына дайындау

1. Кредитордың немесе прокурордың сотқа осы Заңың 29-бабының ережелерін ескере отырып табыс еткен талабына борышкедің қарсылық білдірген жауабының болуы істі сотта қарауға дайындау үшін негіз болып та б ы л а д ы .

2. Борышкедің банкроттығы туралы істі сотта қарауға дайындау кезінде Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында көзделген әрекеттермен қ а т а р

с о т :

1) істі сот отырысында қаралатын уақыты мен орнын іске қатысатын уәкілетті органға, кредиторларға, прокурорға және өзге де тұлғаларға х а б а р л а й д ы ;

2) осы Заңың 18-бабының 2-тармағында және 19-бабында көзделген мәліметтер мен құжаттарды борышкеден талап етіп алады;

3) істі мәні бойынша қарау үшін соттың отырысын тағайындауды.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2002.08.09. № 346, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

32-бап. <*>

33-бап. <*>

Ескерту. 32, 33-баптар алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

34-бап. Сот талқылауы

1. Исті алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін, бірақ іс қозғалған соң бір айдан кешіктірілмей, банкроттық туралы іс сот талқылауына тағайындалуға тиіс, бұл туралы сот үйғарым шығарады.

Банкроттық туралы іс қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде банкроттық туралы іс сот отырысында қаралуға тиіс.

2. Исті алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін, бірақ іс қозғалған соң он бес күннен кешіктірілмей, оналту туралы іс сот талқылауына тағайындалуға тиіс, бұл туралы сот үйғарым шығарады .

Оңалту туралы іс қозғалған күннен бір айдан аспайтын мерзімде оңалту туралы іс сот отырысында қаралуға тиіс.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. Соттың банкроттық немесе оңалту туралы іс бойынша қаулылары

1. Сот банкроттық немесе оңалту туралы істі сот отырысында қарап, мынадай сот актілерінің бірін қабылдай алады:

- 1) борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешім;
- 2) борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім;
- 3) оңалту рәсімін қолдану туралы шешім;
- 4) оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім;
- 5) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым.

2. Соттың осы баптың 1-тармағында көзделген шешімдері мен ұйғарымдары, осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-бап. Борышкерді банкрот деп тану туралы шешім

1. Соттың борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешімі мынадай жағдайларда:

1) іс қозғалған кезден бастап екі айдан аспайтын мерзімде соттың істі қарауы барысында борышкер өзінің қабілеттілігін дәлелдей алмағанда;

2) іс қозғалған кезден бастап отыз күннен аспайтын мерзімде, оның дәрменсіздігін растайтын құжаттарды қоса борышкердің өз жауабында дәрменсіздігін моянындағанда;

3) іс қозғалған кезден бастап он күннен аспайтын мерзімде, оның дәрменсіздігін растайтын құжаттарды қоса борышкер өзін банкрот деп тану туралы арыз бергенде шығарылады.

4) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
З а ң ы м е н .

2. Соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінде:

1) борышкерді тарату туралы;

2) уәкілетті органға конкурсстық басқарушыны тағайындауға тапсырма беру туралы ;

3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген кредиторлардың мәлімделген талаптарының сомасы туралы;

4) борышкердің лауазымды тұлғаларының құрылтай, қаржы және оның мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, сондай-ақ борышкердің мөрін конкурсстық басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беру туралы нұсқаулар болуға тиіс.

2-1. Уәкілетті орган конкурсстық басқарушыны соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тағайындаиды.

3. Конкурстық басқарушы борышкерді банкрот деп тану және конкурсстық іс жүргізууді қозғау туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрган жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде өзі тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жариялады.

Борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымда:

1) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған соттың атауы;

2) банкроттың атауы және орналасқан жері;

2-1) **күші жойылды - ҚР 2012.01.12 № 538-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)**
З а ң ы м е н ;

2-2) банкротты сәйкестендіретін мәліметтер (сәйкестендіру нөмірі, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы) ;

3) жарияланым шыққан күннен бастап екі ай мерзім ішінде өздерінің борышкерге қоятын талаптарын табыс ету қажеттігі туралы кредиторларға **х а б а р л а м а** болуға тиіс.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.07.01 № 256 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.12.18. № 128, 2001.03.02. № 162, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.11 № 385-IV (ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-

баптан қараңыз), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

37-бап. Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі

1. Егер кредиторлардың қойған талаптарына борышкер қарсылықтарын сот дәлелді деп таныса, сот борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

2. Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі кредиторларды Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіп бойынша борышкөрге өз талаптарын қою құқығынан айырмайды.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Занымен.

37-1-бап. Оңалту туралы іс бойынша шешімі

1. Борышкер сот талқылауы барысында өзінің төлемге қабілетсіздігін немесе ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі таяу он екі айда басталған кезде борышкердің оларды орындайтын күйде болмайтын төлемге қабілетсіздік қатері төнгенін дәлелдеген жағдайда, сот оңалту рәсімін қолдану туралы соттың шешімін шыфарады.

2. Соттың борышкерге оңалту рәсімін қолдану туралы шешімінде:

1) оңалту рәсімін қолдану туралы;

2) борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы үйғарым заңды қүшіне енген күннен бастап он күн мерзімде оңалту рәсімін қолдану туралы және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруы туралы;

3) борышкердің оңалту рәсімі қолданылған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруы және оны уәкілетті органға бекітуге беруі туралы;

4) борышкердің оңалту рәсімі қолданылған кезден бастап төрт айдан кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлар жиналысы мақұлдаған борышкерді оңалту жоспарын ұсынуы туралы;

5) оңалту рәсімін қолданудың осы Занда көзделген салдарының басталғаны туралы нұсқау қамтылуға тиіс.

3. Оңалту рәсімін қолдану туралы жарияланымда:

1) оңалту рәсімін қолдану туралы шешімді шығарған соттың атауы;

2) борышкердің атауы және тұрған жері;
3) кредиторларға жарияланым күнінен бастап екі ай мерзімде өздерінің борышкерге бар талаптарын қою қажеттігі туралы үндеу қамтылуға тиіс.

4. Егер борышкер сот талқылауы барысында өзінің толемге қабілетсіздігін не ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі таяу арадағы он екі айда басталған кезде оларды орындауға мүмкіндігі жоқ екендігін дәлелдемеген жағдайда, сот оңалту рәсімін қолданудан бас тартады.

Соттың оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешімінде кредитордың борышкерден оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш беру нәтижесінде келтірілген залалдарының орнын толтыруды талап ету құқығына нұсқау қамтылуға тиіс.

Ескерту. Заң 37-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

38-бап. Жалған банкроттық кезіндегі сот шешімі

1. Жалған банкроттық белгілері болған кезде кінәлі лауазымды адамдардан барлық сот шығындарын өндіріп ала отырып, сот борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарады.

2. Сот шешімінде жалған банкроттықтан келтірілген шығындарды борышкерден өтеуді талап етуге кредиторлардың құқығы көрсетілуге тиіс (осы Заңың 5-бабының 2-тармағы).

39-бап. Іс бойынша іс жүргізуі токтату туралы үйғарым

1. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуі сот Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ борышкерді банкрот деп тану туралы өтініш кері қайтарып алынған жағдайда (осы Заңың 15-бабының 5-тармағы) токтатады.

2. Оңалту рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуі сот Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген негіздер бойынша, **сондай-ақ:**

1) оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш кері қайтарып алынған;

2) оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішке қоса берілген құжаттарда қамтылған дәйексіз мәліметтер ұсынылу фактілері анықталған жағдайларда токтатады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Әкімшілік шығыстарын бөлу

1. Борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылданған кезде әкімшілік шығыстар борышкердің мүлкіне жатқызылады

және осы мүліктің есебінен кезектен тыс өтеледі. Оңалту рәсімін жүргізу мақсатына қол жеткізілуіне байланысты іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарылған кезде сот және әкімшілік шығыстары осы тәртіппен өтеледі.

2. Борышкердің кредиторлардың талаптарына қарсылықтарын соттың дәлелді деп тануына байланысты борышкерді банкрот деп танудан бас тартылған жағдайда осы баптың 1-тармағында көзделген шығындар сотқа өтініш берген кредиторларға жатқызылады және олардың арасында талаптарына қарай бөлінеді

3 . А л ы п т а с т а л д ы .

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 1998.07.01 № 256, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

41-бап. Сот шешімінің (ұйғарымының) занды күшіне енуі.

Шешімді (ұйғарымды) қайта қарау

Сот шешімінің (ұйғарымының) занды күшіне енуі мен оларды апелляциялық және қадағалау тәртібімен қайта қарау азаматтық сот ісін жүргізу ережелері бойынша жүзеге асырылады .

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-1-тaraу. Сырттай байқау

Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

41-1-бап. Сырттай байқау

1. Кредитордың не үекілетті органның өтініші бойынша сот сырттай байқау рәсімін енгізу туралы іс қозғау жөнінде ұйғарым шығарады.

Борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі:

1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер бойынша кредитор немесе сырттай байқау рәсімін қолдануға келісім білдірген кемінде үш кредитор, оның ішінде өтініш беруші болған кезде;

2) борышкердің төлем қабілеті болмаған кезде үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге енгізілуі мүмкін .

Бұл ретте, өтініш берушінің ұсынысы бойынша кредиторлардың болуын борышкерден кредиторлары және олардың мүліктік талаптарының мөлшері туралы мәліметті талап ету арқылы сот белгілейді.

Соттың сырттай байқауды енгізу туралы ұйғарымында үекілетті органға бес жұмыс күні ішінде сырттай байқау әкімшісін тағайындау тапсырылатыны туралы

көрсетіледі.

Сырттай байқау әкімшісін тағайындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген дара кәсіпкер сырттай байқау әкімшісі болып тағайындалады.

Сырттай байқау әкімшісі өз өкілеттігін борышкердің орналасқан жері бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Сырттай байқау әкімшісі етіп осы Заңың 9-бабының 11-тармағында көрсетілген тұлғаларды тағайындауға болмайды.

Осы Заңда сырттай байқау әкімшісіне жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

3. Сырттай байқау әкімшісін уәкілетті орган:

1) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне залал келтірген олардың осы Заңда белгіленген талаптарды бұзушылықтары тексеру нәтижелері бойынша анықталған;

2) өз өкілеттіктерін орындау: қайтыс болуы; бір айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздығы; сот тәртібімен әрекетке қабілесіз не әрекетке қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп танылуы не қаза болған деп жариялануы; оларға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі салдарынан мүмкін болмаған;

3) тіркелу кезінде олардың дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған;

4) өзі тағайындалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде кредиторлар комитетімен келісім жасамаған не кредиторлар комитетімен жасаған келісім бұзылған жағдайларда шеттетуге тиіс.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша сырттай байқау әкімшісін сырттай байқау рәсімін жүргізуден бір жыл ішінде бірнеше рет шеттету және (немесе) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттету оны барлық борышкерлерге қатысты осы Заңда көзделген өкілеттіктерді орындаудан бір мезгілде шеттетуге әкеп соғады.

4. Сырттай байқау әкімшісі сырттай байқау рәсімін жүргізуден өз еркін бойынша босату туралы өтініш ұсынған кезде кредиторлар комитетінің келісімі мен босатылады.

Өтінішке кредиторлар комитетімен келісілген оның қызметі туралы есеп және кредиторлар комитетінің келісімі қоса беріледі.

Сырттай байқау әкімшісі жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілген немесе босатылған жағдайда жаңадан тағайындалған сырттай байқау әкімшісі алдыңғылардың құқық мирасқоры болып табылады.

5. Сырттай байқау енгізілген кезде мынадай салдар туындаиды:

1) кредиторлардың борышкерге қатысты кез келген талаптары осы Заңда көзделген сырттай байқау рәсімі шегіндеған қойылуы мүмкін;

2) борышкердің лауазымды тұлғаларына өздеріне тиесілі акцияларды,

борышкеге мүлкіндегі үлестерін иеліктен шығаруға тыйым салынады;

3) борышкердің кепілге қойылған мүлкінен, оның ішінде соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға тыйым салынады.

6. Сотқа сырттай байқауды енгізу туралы өтініш берген кезде кредитор салық қызметінің тиісті органына хабарлама жібереді.

Ескеरту. 41-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

41-2-бап. Сырттай байқау ресімінде кредиторлар комитетін қалыптастыру

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Сырттай байқау кезінде кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар комитеті құрылады, оның құрамын осы баптың талаптарына сәйкес сырттай байқау әкімшісі құрады және оны уәкілетті орган бекітеді.

2. Кредиторлар комитетінің құрамына борышкерге ең көп талабы бар азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша кредиторлар, сондай-ақ еңбекақы төлеу бойынша және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторлардың өкілдері кіруі мүмкін.

3. Өтініштері бойынша сырттай байқау ресімі енгізілген кредиторлар, талаптардың мөлшеріне қарамастан, кредиторлар комитетінің құрамына енгізіледі.

4. Алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 41-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-3-бап. Кредиторлар комитетінің өкілеттіктері

Кредиторлар комитетінің өкілеттіктеріне:

1) сырттай байқау әкімшісінің іс-әрекеттерін үйлестіру мен бақылау;

2) борышкердің негізгі құралдарды иеліктен айыру, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелер, сондай-ақ олардың орындалуы борышкерге залал келтіруі мүмкін, нарықтық бағадан айтарлықтай төмен бағамен не жеткіліксіз негіздер бойынша өзге мәмілелер жасауына қатысты сырттай байқау

әкімшісінің іс-әрекеттерін келісу, қайта ұйымдастыруды жүргізу;

3) сырттай байқау әкімшісімен борышкердің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, нәтижесінде борышкердің төлемге қабілетсіздігі туындаған, сырттай байқау рәсімін енгізгенге дейін жасалған оның мәмілелерін және іс-әрекеттерін анықтау мен талдау, мүлікті түгендеге актілері бойынша салыстыру жүргізу жөніндегі іс-шаралар және осы Занда белгіленген өзге де іс-шаралар туралы уәкілетті органмен келісілген келісім жасау;

4) уәкілетті органға сырттай байқау әкімшісінің іс-әрекеттері жөнінде шағымдану;

5) сырттай байқау рәсімін ұзарту немесе тоқтату туралы сотқа өтініш жасау жатады.

41-4-бап. Сырттай байқау әкімшісінің өкілеттіктері

1. Сырттай байқау әкімшісі:

1) сотқа борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қолдану, сондай-ақ мұндай шаралардың күшін жою туралы өтініш жасауға;

2) түгендеге актілері бойынша борышкердің мүлкіне салыстыру жүргізуге;

3) борышкерден берешек сомасы көрсетілген оның кредиторлары мен дебиторларының толық тізбесін, активтері мен пассивтері толық көрсетілген балансын, борышкердің қаржылық жағдайы туралы есепті және басқа да қажетті ақпаратты талап етуге;

4) сот алдында үшінші тұлғалардан қажетті құжаттарды, корытындыларды табыс ету және (немесе) оларды талап ету, олардың борышкердің алдыңғы үш жылдағы қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты өзге мәліметтерді табыс етуі туралы өтініш жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осы мәліметтермен олардың түрған жерінде танысуға;

5) сырттай байқау рәсімі енгізілгенге дейінгі алдыңғы үш жыл ішінде жасалып, борышкердің қаржылық жағдайын нашарлатқан мәмілелерді анықтауға, борышкерден оларды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген негізде және тәртіппен бұзуды талап етуге;

6) борышкерден осы Заңның 41-7-бабында көзделген өзінің міндеттерін орындауды талап етуге;

7) осы Занда көзделген тәртіппен және мөлшерде сыйақы алуға құқылы.

2. Сырттай байқау әкімшісі:

1) борышкерге қатысты өз іс-әрекеттерін кредиторлар комитетімен келісуге;

2) борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету және оны қорғау жөнінде шарапалар қолдануға;

3) әдейі және жалған банкроттық белгілерінің бар екенін анықтауға және анықталған белгілер туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға не

борышкерден оның қаржылық жағдайын нашарлатқан мүлікті иелікten айыру жөніндегі мәмілелерді жарамсыз деп тануын талап етуге;

4) борышкердің қредиторлары мен дебиторларын анықтауға, борышкерден дебиторлық берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қолдануын талап етуге;

4-1) уәкілетті органның сұратуы бойынша оған сырттай байқау рәсімі бойынша қажетті ақпарат беруге;

5) сырттай байқау кезеңі аяқталғаннан кейін кредиторлар комитетімен және уәкілетті органмен келісілген, борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігі және оған қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы не борышкерді банкрот деп тану туралы қорытындысы бар өз қызметі туралы есепті сотқа табыс етуге міндетті.

Ескерту. 41-4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

41-5-бап. Сырттай байқау әкімшісінің жауапкершілігі

Сырттай байқау әкімшісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

41-6-бап. Сырттай байқау шығыстары

Сырттай байқау әкімшісіне әкімшілік шығыстар мен ағымдағы төлемдер мөлшері кредиторлар мен сырттай байқау әкімшісі арасында жасалатын келісіммен айқындалады.

Сырттай байқау әкімшісіне әкімшілік шығыстар мен ағымдағы төлемдер сомасы тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген елу айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде айына бір рет борышкердің мүлкі есебінен төленеді.

Ескерту. 41-6-бап жаңа редакцияда - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

41-7-бап. Борышкердің міндеттері

Б о р ы ш к е р :

1) сырттай байқауды енгізу туралы ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында сырттай байқауды енгізу туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде орналастыруға;

2) сырттай байқау әкімшісінің талабы бойынша:

сирттай байқау енгізілгенге дейін жасалған, негізгі құралдарды иелікten айыру, мүлікті кепілге немесе жалға беру жөніндегі мәмілелерге, сондай-ақ қуны борышкер активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын басқа да мәмілелерге қатысты қаржылық-шаруашылық және

ұйымдастыру қызметі туралы ақпарат ұсынуға;
борышкердің қаржылық жай-күйін нашарлатқан мүлікті иеліктен айыру
жөніндегі мәмілелерді бұзу жөнінде шаралар қабылдауға;

3) сырттай байқау әкімшісімен шығыстардың ұлғаюын, бухгалтерлік есеп стандарттарына сай өз капиталындағы өзгерісті, қайта ұйымдастыру жүргізуді, негізгі құралдарды иеліктен айыру, мүлікті кепілге немесе жалға беру жөніндегі мәмілелердің, сондай-ақ борышкер активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын мүлікті сатып алу немесе иеліктен айыру жөніндегі мәмілелердің жасалуын келісуге міндетті.

Ескерту. 41-7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

41-8-бап. Сырттай байқауды тоқтату

С ы р т т а й б а й қ а у :

1) сырттай байқау мерзімі біткен;
2) сырттай байқау мақсаттарына қол жеткізілген жағдайларда сот сырттай байқау әкімшісінің қорытынды есебін бекіткен кезде тоқтатылады.

Сот сырттай байқау ресімін кредиторлар комитетінің өтініші бойынша
тоқтатуы мұмкін.

Ескерту. 41-8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

4-тaraу. ОҢАЛТУ РӘСІМІ

42-бап. Оңалту ресімін қолдану

Оңалту ресімі сот тәртібімен тек коммерциялық ұйымдарға қатысты
қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

43-бап. Оңалту ресіміне қатысушылар

Сот, кредиторлар, борышкер, борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшылар (қатысушылар), оңалтушы басқарушы, уәкілетті орган және басқа да мүдделі тұлғалар оңалту ресіміне қатысушылар болып
т а б ы л а д ы .

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-1-бап. Соттың оңалту рәсіміндегі өкілеттігі

С о т о ң а л т у р ә с і м і н д е :

- 1) оңалту рәсімін қолданады, тоқтата тұрады және тоқтатады;
- 2) оңалту жоспарын бекітеді;
- 3) оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;
- 4) борышкер жауапкер ретінде әрекет ететін мүліктік сипаттағы даулар бойынша істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды;
- 5) кредиторлар жиналысының шешімі негізінде борышкер мүлкі меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органды), құрылтайшыларда (қатысушыларда) борышкер мүлкін және істерін басқару құқығын сақтап қалады немесе уәкілетті органға оңалтушы басқарушыны тағайындауды тапсырады;
- 6) оңалту рәсіміне қатысушылар арасындағы дауларды шешеді.

Ескерту. Заң 43-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-2-бап. Оңалту рәсімін қолданудың салдарлары

1. Сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарған сәттен бастап мынадай салдарлар басталады:

- 1) мүлікпен кәдімгі коммерциялық операциялардың шенберінен тыс мәмілелер жасасуға тыйым салынады;
- 2) борышкер берешегінің барлық тұрлери бойынша тұрақсыздық төлемін (өсімпұлдарды, айыппұлдарды), сондай-ақ алынған кредиттер бойынша сыйақыларды есептеу тоқтатылады;

3) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, төлеу мерзімі оңалту рәсімін қолданғаннан кейін басталған, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төлемдерді қоспағанда, соттардың, аралық соттардың, салық органдарының, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (олар уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкіне қатысты қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

4) оңалту рәсімі қолданылған салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңдердегі салықтық есептілікке сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша салық қызметі органы есепке жазған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленеді.

2. Оңалту жоспары бекітілгеннен кейін:

- 1) оңалту жоспарында көзделгендегі қоспағанда, мүлікпен кәдімгі

коммерциялық операциялардың шенберінен тыс мәмілелер кредиторлар жиналысының келісімімен жасалады;

2) кредиторлық берешекті өтеу кестесі оңалту жоспарына сәйкес орындалмаған жағдайда, кредиторлық берешекті өтеудің оңалту жоспарында көрсетілген күнінен немесе кезеңінен кейінгі күннен бастап осы Заңның 28-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген шектеулер алынады.

Ескерту. Заң 43-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

44-бап. Оңалту жоспары және оны бекіту тәртібі

1. Оңалту жоспары борышкердің төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі нақты іс-шараларды (оңалту шараларын) және осы Заңның 47-бабының 2-тармағында көрсетілген кредиторлар алдындағы берешекті өтеу кестесін қамтуға тиіс.

Табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер етуге қабілетті ұйымдардың оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар тиісті орталық атқарушы органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала негізін құраушы кәсіпорындар бойынша - тиісті облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімімен келісілуғе тиіс.

Оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар кредиторлар жиналысының келісімімен енгізіледі және оларды сот бекітеді.

2. Оңалту жоспарын борышкер оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде кредиторлармен бірге әзірлеуге тиіс.

3. Оңалту жоспарын іске асыру мерзімі бес жылдан аспауға тиіс.

4. Оңалту шараларына санацияны, сауда-саттық жүргізу жолымен мүлікті (активтерді) сатуды, борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беруді, борыштың бір бөлігін кешіруді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығаруды, борыштарды акцияларға айырбастауды, бітімгершілік келісімін жасасуды және басқаларды қоса алғанда, борышкердің төлемге қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген ұйымдастырушылық-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де іс-шаралар кіруі мүмкін.

5. Егер оңалту жоспары ақшалай қаражат көзі ретінде кредиттер (микрокредиттер) алушы қамтыса, оңалту жоспарына кредит (микрокредит) алу

6. Оңалту жоспары кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін кредиторлар жиналысына келісу үшін берілуге тиіс.

7. Табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер етуге қабілетті ұйымдардың оңалту жоспары тиісті орталық атқарушы органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала негізін құраушы кәсіпорындар бойынша - тиісті облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімімен келіслуге тиіс.

Ұсынылған оңалту жоспары он жұмыс күні ішінде қарастырылады.

8. Борышкер оңалту жоспарын кредиторлар жиналысында мақұлдағаннан кейін осы Заңың 37-1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей сотқа ұсынуға міндettі.

9. Кредиторлар жиналысымен келіслеген оңалту жоспары ол ұсынылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сот ұйғарымымен бекітіледі.

10. Сот осы Заңда белгіленген талаптардың бұзылғандығы анықталған жағдайларда, оңалту жоспарын бекітуден бас тартуға құқылы.

11. Соттың оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарымы:

1) оңалту жоспарын бекіту туралы;

2) оңалту рәсімін аяқтау және қорытынды есеп беру мерзімдері туралы;

3) уәкілдегі органның оңалтушы басқарушыны тағайындауы туралы немесе басқару құқығының борышкер мүлкінің меншік иесінде, қатысушыларда (акционерлерде) сақталғандығы туралы нұсқауларды қамтуға тиіс.

Ескерту. 44-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

45-бап. Оңалту шараларын қолданудың негізі

Ескерту. 45-бап алғы тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

45-1-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Борышкер оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде борышкерге оңалту рәсімінің қолданылуы туралы және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын

алған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

Борышкердің интернет-ресурсы бар болған жағдайда, борышкерге оналту ресімінің қолданылуы және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарламаны аталған интернет-ресурста жариялау міндettі болып табылады.

2. Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарын мәлімдеу және қарау осы Заңның 71–72-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Борышкер оналту ресімін қолдану туралы шешім занды күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей кредиторлар талаптарының тізілімін және оларды қарау нәтижелерін бекіту үшін уәкілетті органға беруге міндettі.

4. Борышкер ұсынған кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті орган кредиторлар талаптарының тізілімі ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді.

5. Уәкілетті орган осы Заңның 71–72-баптарының талаптарын бұза отыра жасалған кредиторлар талаптарының тізілімін бес жұмыс күні ішінде жойылуға жататын қайтару себептерін көрсете отырып, ол ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей пысықтауға қайтарады.

ЕскеRTу. Заң 45-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Оналту ресімін енгізуудің салдары

ЕскеRTу. 46-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-1-бап. Кредиторлар жиналышы

1. Барлық кредиторлардың мұдделерін қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар жиналышы шақырылады.

2. Кредиторлар жиналышына қатысу құқығы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға (олардың өкілдеріне), борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттілік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушиларға), уәкілетті органға тиесілі.

3. Кредиторлар жиналышын үйымдастыру, өткізу және оның шешімдер қабылдауы осы Заңның 14-3-бабының 6–11-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Кредиторлар жиналышының хаттамасы екі данада жасалады, оның бірі оналту ресімін қолдану туралы шешім қабылдаған сотқа, екіншісі кредиторлар комитетіне беріледі.

Кредиторлар жиналышының хаттамасына:

1) кредиторлар жиналышын өткізу күніндегі кредиторлар талаптары

т і з і л і м і н ің ;

2) жиналысқа қатысушылар өкілдерінің өкілеттіктерін растайтын
құжаттардың ;

3) жиналысқа қатысушыларға танысу және (немесе) бекіту үшін ұсынылған
материялдардың ;

4) кредиторлар жиналысын өткізу күні мен орны туралы кредиторларды
тиісті турде хабардар еткені туралы айғақтайтын дәлелдемелер болып табылатын
құжаттардың ;

5) борышкердің қалауы бойынша өзге де құжаттардың көшірмелері қоса
б е р і л у г е т и і с .

5. Кредиторлар жиналысының айрықша құзыретіне:

1) борышкер мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда),
құрылтайшыларда (қатысушыларда) оңалту жоспарын бекіткен сэттен бастап
борышкер мүлкін және істерін басқару құқығын сақтау немесе оның күшін жою
туралы шешім қабылдау ;

2) кредиторлар комитеті құрамының санын айқындау, құрамын қалыптастыру
және бекіту ;

3) кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер енгізу;

4) оңалту жоспарын келісу ;

5) оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды келісу;

6) оңалту рәсімін ұзартуды келісу ;

7) кредиторлар комитеті мүшелерінің оңалту рәсімін жүзеге асыру барысы
туралы ақпаратты кредиторлар назарына жеткізуінің тәртібі мен мерзімін
айқындау ;

8) өзге мәмілелерді кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс
жасалатындардың санатына жатқызу ;

9) оңалту жоспарында көзделмеген, кәдімгі коммерциялық операциялар
шеңберінен тыс мәмілелерді келісу ;

10) борышкердің өндіріп алынуы мүмкін емес дебиторлық берешегінің
сомасын бекіту ;

11) оңалтушы басқарушының кандидатурасын таңдау ;

12) оңалтушы басқарушының негізгі сыйақы сомасын және оны төлеу
тәртібін айқындау ;

13) борышкер мүлкін және істерін басқару құқығы борышкер мүлкінің
меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда), құрылтайшыларда (қатысушыларда)
сақталған жағдайда, борышкерді басқару органдары
мүшелерінің ақшалай сыйақысының сомасын анықтау ;

14) оңалтушы басқарушының (борышкердің) қорытынды есебін келісу ;

15) осы Занда көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

6. Кредиторлар жиналысының құзыретіне кіретін, осы баптың 5-тармағының 1), 4), 5), 6) және 11) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде сырттай дауыс беруге жол берілмейді.

Ескерту. Заң 46-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-бап. Кредиторлармен есеп айырысу

1. Оңалту рәсімін қолданған кезден бастап:

1) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды қоспағанда, жалақыдан және (немесе) өзге де кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сондай-ақ өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін борышкер жауапты болатын азаматтардың талаптары қанағаттандырылады;

2) төлеу мерзімі оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін басталған, еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жатқан адамдармен өтемақылар және еңбекақы төлеу бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеу бойынша және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу бойынша есеп айырысу жүргізіледі;

3) кредиторлардың міндеттемелерден, оның ішінде оңалтушы басқарушы (борышкер) жасасқан мәмілелерден туындаған, орындалу мерзімі оңалту рәсімін жүзеге асыру кезеңінде басталатын талаптары қанағаттандырылады.

2. Борышкердің кредиторлар алдындағы берешектері бойынша басқа да барлық есеп айырыулар, оның ішінде өндіріп алынуы атқару парақтары бойынша немесе даусыз (акцептісіз) тәртіппен жүргізілетін берешектер осы Заңың 75 және 76-баптарында белгіленген кезектілік пен есеп айырысу қағидалары сақтала отырып, оңалту жоспарына сәйкес кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Өткен салық кезеңдері және оңалту рәсімі қолданылған салық кезеңі үшін салық есептілігіне сәйкес салық төлеуші есептеген, салықтық тексерулер нәтижелері бойынша салық қызметі органы есепке жазған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелер туындаған кезде кредиторлар талаптарының тізіліміне, сондай-ақ оңалту жоспарына тиісті езгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

3. Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарын мәлімдеуі мен оларды қарau осы Заңың 71-72-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Кредиторлар талаптарының тізілімін бекіту осы Заңың 45-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Кредиторлардың оңалту рәсімі қолданылғанға дейін туындаған талаптарын қанағаттандыру, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін

жүргізіледі.

5. Кепілді кредитор:

1) өзінің занды мұдделеріне қауіп төндіретін, осы Занды бұзуышылық анықталған;

2) өзінің алдындағы берешекті өтеу кестесі бұзылған;

3) кепіл нысанасы болып табылатын мүлік құнының өз мұдделеріне қысым жасауға әкеп соқтыратындей төмендеуі;

4) егер өзінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын мүлік борышкер-кәсіпорынның қызметін жалғастыру үшін немесе оңалту жоспарын іске асыру үшін талап етілмесе, өзінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын борышкер мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы сотқа жүгінуге

Күкілді .

Ескерту. 47-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

48-бап. Оңалтушы басқарушы

Осы Заңда белгіленген жағдайларда оңалтушы басқарушыны оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы күшіне енгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган тағайындауды.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

49-бап. Оңалтушы басқарушыға сыйақы төлеу

1. Оңалтушы басқарушыға сыйақы борышкердің мүлкінен төленеді және әкімшілік шығыстарына жатқызылады. Негізгі сыйақының мөлшері мен сомасын және оны төлеу тәртібін кредиторлар жиналысы осы баптың талаптарына сәйкес айқындаиды.

2. Оңалтушы басқарушыға төленетін сыйақы:

1) оның өз міндеттерін атқарған барлық кезеңі үшін төленетін, ай сайынғы сомасы елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс ағымдағы төлемдерді;

2) оңалту рәсімінің мақсаттарына қол жеткізу міндетті жағдайда, оңалтушы басқарушыға кредиторлар төлеуі мүмкін қосымша төлемдерді қамтиды.

Қосымша сыйақының мөлшері:

бірінші, екінші кезектегі кредитор талаптарын өтеуге бағытталған қаражаттың екі пайызына дейін;

үшінші және бесінші кезектегі кредитор талаптарын өтеуге бағытталған қаражаттың бес пайызына дейін құрауы мүмкін.

Кредитор қосымша сыйақыны төлеу туралы кредитордың келісімін оның

мөлшерін көрсете отырып, жазбаша түрде кемінде екі данада шығарады, оның біреуін оңалтушы басқарушы мұндай шешімді кредитор қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді.

3. Борышкердің мүлкін және істерін басқару құқығы борышкер мүлкінің меншік иесінде (ол уәкілеттік берген органда), құрылтайшыларда (қатысушыларда) сақталған, оңалтушы басқарушының өкілеттіктері борышкердің басшысына жүктелген жағдайларда, осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген ағымдағы төлемдердің ең көп сомасын шектеу борышкердің басшысына қолданылмайды, осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген қосымша төлемдер жүргізілмейді.

Ескерту. 49-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

50-бап. Оңалту рәсімінің мерзімі

Сот оңалту рәсімін жүргізу мерзімін оңалту жоспарына сәйкес белгілейді. Сот оңалтушы басқарушының қолдаухваты бойынша кредиторлар жиналысының келісімімен осы мерзімді ұзартуға құқылы, бірақ ол алты айдан аспауга тиіс.

Табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не Республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер етуге қабілетті ұйымдар үшін сот оңалту рәсімінің мерзімін екі жылға дейін ұзартуға құқылы.

Ұйым мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы мәртебесін алған жағдайда, сот оңалтушы басқарушының өтініші бойынша, кредиторлар комитетінің келісімімен оңалту рәсімін жүргізуді тоқтата тұруға құқылы.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

50-1-бап. Мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы үшін оңалту рәсімін тоқтата тұру және қайта бастау

1. Оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы өтінішті сот ол түсken күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде қарауға тиіс.

Оңалту рәсімін тоқтата тұру үшін борышкердің мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы мәртебесін алуы және кредиторлар комитетінің шешімі негіз болып таблады.

2. Сот оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарған сәттен бастап, мынадай салдарлар басталады:

1) оңалтушы басқарушы борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетіледі және басқару борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік

берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға) өтеді;

2) осы Заңың 43-2-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының қолданысы тоқтатыла
тұраады;

3) ұйымды оңалту жоспарының орындалуы тоқтатыла тұрады;

4) кредиторлардың талаптарын өтеу мемлекеттік қолдау шаралары
шеңберінде қабылданған оңалту жоспарына сәйкес жүргізіледі.

3. Кредиторлар комитеті оңалту рәсімін қайта бастау туралы өтінішпен сотқа
жүгіну туралы шешім қабылдауға құқылы. Осындай өтінішпен кредиторлар
комитеті уәкілеттік берген тұлға жүгінеді.

Оңалту рәсімін қайта бастау туралы сот ұйғарымы күшіне енген күннен
бастап, осы баптың 2-тармағының қолданысы тоқтатылады.

**Ескерту. Заң 50-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы
ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) Заңымен.**

51-бап. Оңалтушы басқарушының өкілеттіктері

1. Оңалтушы басқарушы:

1) борышкердің мүлкін басқаруға қабылдайды және оған осы Заңда
белгіленген шекте билік өтеді;

2) борышкердің мүлкіне қатысты тиісті құқықтарға ие болады және оның
барлық органдары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген
міндеттерді атқарады;

3) өзін уәкілетті орган тағайындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде
Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері
бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен
нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді
баспасөз басылымдарында борышкерге оңалту рәсімін қолдану туралы және
кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды қазақ және
орыс тілдерінде орналастырады;

4) оңалту жоспарын орындауды ұйымдастырады;

5) оңалту рәсіміне кредиторлар жиналысымен келісілген өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы сотқа қолдаухат жібереді;

6) кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізеді;

7) кредиторлар комитетінің барлық мүшелеріне осы Заңың 12-бабының 1-
тармағында белгіленген мерзімдерде өткізілетін комитеттің бірінші отырысының
өтетін күні мен орны туралы хабарлайды;

8) осы Заңың 14-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен және
мерзімдерде кредиторлар комитетінің мүшелеріне хабарлама жібереді;

9) осы Заңың 14-3-бабының 7-тармағында белгіленген іс-эрекеттерді
жасайды, сондай-ақ кредиторлар жиналысының сырттай дауыс беруді таңдаған

қатысушыларына осы Заңның 14-3-бабының 8-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде материалдарды жібереді;

10) ұйымдардан, мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды адамдарынан борышкер туралы ақпаратты сұратады және алады;

11) банкроттық туралы заңнамамен реттелетін қатынастарға ақпараттық жүйені қолдана отырып қатысуға құқылы;

12) оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы сотқа жүгінеді;

13) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

2. Кредиторлар жиналысының шешіміне сәйкес оңалтушы басқарушы:

1) кәдімгі коммерциялық операциялар шенберінен тыс мәмілелер жасасады;

2) борышкердің тұтынуға, оның ішінде борышкер қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстарды ұлғайтуға әкеп соғатын шешімдер қабылдайды ;

3) оңалту рәсімін тоқтату туралы сотқа жүгінеді;

4) осы Заңда белгіленген жағдайларда, оңалту рәсімін тоқтату және борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа жүгінеді.

Осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында белгіленген қағидалар оңалту жоспарында көзделген, борышкердің мүлкіне билік ету жөніндегі мәмілелерге қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Оңалтушы басқарушы өткен айдағы қаржылық жағдайы, кәдімгі коммерциялық операциялар барысында жасалған мәмілелер туралы ақпаратты әр айдың 15-інен кешіктірмей кредиторлар комитеті мүшелерінің назарына жеткізуге, кредиторлар комитетінің талабы бойынша кез келген ақпаратты ყ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

Оңалтушы басқарушы өзінің қызметін жүзеге асыру барысы туралы толық ақпаратты борышкердің кез келген кредиторына оның жазбаша сұрауы негізінде б е р у ғ е м і н д е т т і .

4. Егер борышкердің оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы оңалту рәсімі қолданылған кездегі кредиттік берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асып кетсе, оңалтушы басқарушы борышкердің жаңа ақшалай міндеттемелерін туғызатын мәмілелерді кредиторлар комитетінің келісімімен ғана жасаса алады.

5. Оңалтушы басқарушы осы Заңның 6-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер жасасқан мәмілелерді анықтайды және оларды сот тәртібімен жарамсыз деп тану не мүлікті қайтару туралы талаптар қояды.

Ескерту. 51-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы реcми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

52-бап. Оңалтуды басқарушының жауапкершілігі

Оңалтуды басқарушы оңалту рәсімін дұрыс жүргізбегендігі үшін қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

Ескерту. 52-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

53-бап. Оңалту рәсімін тоқтату

1. Оңалтушы басқарушы:

- 1) егер борышкерге қатысты оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізілсе;
- 2) егер ол бұл мақсатқа қол жеткізу мүмкін еместігіне көз жеткізсе, кредиторлар жиналысының шешімі бойынша борышкерге қатысты оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

Оңалтушы басқарушының өтінішіне оңалтушы басқарушының қорытынды есебі қоса беріледі.

Мемлекеттік қолдау шаралары шенберінде бекітілген оңалту жоспары орындалған жағдайда, мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен жүгінеді.

2. Борышкерді оңалту жоспарын іске асыру не оңалтушы басқарушының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) өз мүдделеріне залал келтіреді деп есептейтін борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган) оңалту рәсімін тоқтату туралы сотқа жүгіне алады.

3. Кредиторлар жиналысының өткізілуі туралы тиісті түрде хабардар етілмеген жағдайда, талап сомасы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптардың жалпы сомасының кемінде он пайзызын құрайтын кредитордың оңалту рәсімін тоқтату туралы сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Кредитор (кредиторлар):

1) борышкердің кредиторлар талаптарының тізілімін, оңалту жоспарын құру жөніндегі іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) өзінің мүліктік мүдделеріне залал келтіретінін растайтын негіздер болған кезде;

2) кредиторлық берешекті өтеу кестесі үш айдан астам орындалмаған кезде;

3) оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішке қоса берілген құжаттарда қамтылған дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактілері анықталған кезде;

4) борышкерді оңалту жоспарын іске асыру не оңалтушы басқарушының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) өзінің мүліктік мүдделеріне залал келтіретінін растайтын негіздер болған кезде оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінүү мүмкін.

5. Сотқа осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында, 2, 3, 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша оңалту рәсімін тоқтату туралы өтініш берілген кезде өтініш беруші тұлға борышкерді банкрот деп тану туралы талапты өтініште көрестүгө міндетті.

Осы тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда сот оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішті қараусыз қалдырады.

6. Кредиторлар жиналысы оңалту рәсімін келісуден бас тартқан не борышкеге оны Заңның 37-1-бабының 2-тармағының 4) тармақшасында белгіленген мерзімде оңалту жоспарын ұсынбаған жағдайларда, сот оңалту рәсімін тоқтатады.

Ескерту. 53-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

54-бап. Оңалту рәсімін тоқтату салдары

Осы Заңның 53-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 2, 3, 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша оңалту рәсімі тоқтатылған және банкроттық туралы іс қозғалған (қайта басталған) жағдайда:

- 1) осы Заңның 43-2-бабында көзделген салдарлар сақталады;
- 2) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылғанға және конкурстық басқарушы тағайындалғанға дейін борышкеге мүлкін және істерін басқару құқығы оңалту рәсімінде басқаруды жүзеге асырған тұлғада сақталады.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

55-бап. Санация

1. Егер дәрменсіз борышкерді оңалту шаралары ретінде оңалту жоспарына санация енгізілсе, санацияға қатысушының борышкеге және/немесе кредиторларға оңалту жоспарына сәйкес сомасы мен мерзімін көрсете отырып, ақша аудару туралы жазбаша міндеттемесі жоспарға қоса берілуге тиіс.

2. Санацияға қатысушы барлық кредиторлардың талаптарын олармен келісілген мерзімде қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өз мойнына алуы мүмкін. Мұндай жағдайда санацияға қатысушы немесе осы Заңның 9-бабының 4, 5 және 6-тармақтарында белгіленген талаптар қолданылмайтын, ол ұсынған адам оңалтуды басқарушы болып тағайындалады.

Бұл ретте санацияға қатысушыға немесе ол ұсынған адамға осы Заңда белгіленген оңалтуды басқарушының құқықтары мен міндеттері қолданылады.

3. Сот, сондай-ақ уәкілетті орган санацияға қатысушыдан осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген міндеттемелерді оның орындау мүмкіндігін растайтын құжаттарды сұратып алуға құқылы.

Ескерту. 55-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11. № 154, 2001.07.11. № 239, 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

56-бап. Санацияға қатысушылардың келісімі

Егер санацияға кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өз мойнына алған екі және одан да көп тұлғалар қатысса, олар кредиторлардың алдындағы жауапкершілікті өздерінің арасында бөлуді, санацияға қатысудан ол басталғаннан кейін санацияға қатысушылардың біреуі немесе бірнешеуі бас тартқан жағдайдағы жауапкершілікті, борышкеге мүлкін басқаруға қатысу тәртібін көздейтін келісім жасасуға тиіс.

57-бап. Санацияға қатысушылардың жауапкершілігі

1. Осы Заңың 55-бабының 2-тармағында көзделген міндеттемені өз мойнына алған санацияға қатысушы борышкеге таратылғаннан кейін, егер ықтиярсыз күштің салдарынан немесе кредиторлардың, не борышкедің (борышкеге мүлкі иесінің) іс-әрекеттері салдарынан санация мақсатына қол жеткізілмегенін дәлелдей алмаса, оның өтелмеген міндеттемелері бойынша субсидиялық жағынан жауап береді.

Егер келісімде басқаша көзделмесе, санацияға екі немесе одан да көп тұлға қатысқан жағдайда, мұндай жауапкершілікті олар бірігіп көтереді.

2. Дәрменсіз борышкедің кредиторлары талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттін өз мойнына алмаған санацияға қатысушының жауапкершілігі қатысушының оналтуды басқарушымен уәкілетті орган және кредиторлар комитеті бекіткен келісімімен белгіленеді.

Ескерту. 57-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

58-бап. Санацияға қатысушының құқықтары

1. Санацияның мақсатына жетуге байланысты банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған кезде өзіне осы Заңың 55-бабының 2-тармағында көзделген міндеттеме алған және борышкеге мүлкінің меншік иесі болып табылмайтын қатысушы өзі инвестициялаған қаражат сомасында санация басталғанға дейін шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың, акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде шаруашылық серіктестігі қатысушысының, акционерлік қоғам акционерінің құқығына ие болады, ал егер борышкеге мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, мемлекеттік орган мүлкінің уәкілетті меншік иесі шешімнің негізінде борышкеге алдын ала шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғам болып қайта ұйымдастырылғаннан кейін шаруашылық серіктестігінің, акционерлік қоғам акционерінің қатысушы құқығына ие болады. Егер өндірістік кооператив борышкеге болып табылса, санацияға қатысушы кооператив мүшелері жалпы жиналысының шешімі негізінде шаруашылық серіктестігі борышкеге болып, алдын ала қайта ұйымдастырылғаннан кейін шаруашылық серіктестігінің қатысушысы құқығына ие болады.

Аталған шешім сотқа оңалту жоспарымен бірге ұсынылуға тиіс.

Бұл жағдайда құрылған шаруашылық серіктестігі жарғылық капиталының мөлшері, жарғылық капитал екі жыл бойы белгіленген мөлшерге дейін толықтырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ең төменгі мөлшерден аз болуы мүмкін.

2. Санацияға екі немесе одан да көп тұлғалар қатысқан жағдайда борышкердің мүлкіндегі үлес мөлшері олардың әрқайсысы санация мақсаты үшін пайдаланған қаражаттың сомасына қарай белгіленеді.

Ескерту. 58-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарандыз) Зандарымен.

59-бап. Борышкердің талаптар қою құқықтарына жеңілдік жасау

1. Оңалту жоспарында бұл талаптарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізілетін ашық сауда-саттықта сату жолымен борышкердің талаптар қою құқықтарына жеңілдік берілуінің көзделуі мүмкін.

2 . < * >

Ескерту. 59-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарандыз) Зандарымен.

5-тарау

Ескерту. 5-тарау алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

6-тарау. ДӘРМЕНСІЗ БОРЫШКЕРДІ ТАРАТУ (КОНКУРС ЖҮРГІЗУ)

65-бап. Жалпы ережелер

1. Конкурстық іс жүргізуудің, тарату рәсімінің өткізілу мерзімі сот шешімімен айқындалады және ол тоғыз айдан аспауға тиіс. Конкурстық басқарушының өтініші бойынша кредиторлар комитетінің келісімімен бұл мерзімді уәкілетті орган әрі кеткенде 3 айға ұзартуы мүмкін.

Конкурстық іс жүргізу мерзімі борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

Бұл ретте, конкурстық басқарушының конкурстық іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтініші уәкілетті органға конкурстық іс жүргізуудің белгіленген мерзімі өткенге дейін кем дегенде күнтізбелік он бес күн бұрын жіберіледі.

2. Мүлкінің көлемі үлкен борышкерді тарату, дебиторлық берешекті өндіріп алудың нақты мүмкіндігінің, сот талқылауларының болуы, конкурстық

басқаруышының осы Заңың 5 және 6-баптарының талаптарын орындауды кезінде немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурстық массаны өткізудің айрықша шарттары мен тәртібін белгілеген жағдайларда, табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үstem (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не Республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурстық басқаруышының өтініші бойынша уәкілетті орган конкурстық іс жүргізу мерзімін кредиторлар комитетінің келісімі бойынша көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнен тыс он екі айға дейінгі мерзімге ұзартады.

Ескерту. 65-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

66-бап. Конкурс жүргізуге қатысушылар

Сот, кредиторлар комитеті, банкрот, конкурсты басқаруши уәкілетті орган және басқа да мүдделі адамдар конкурс жүргізуге қатысушылар болып табылады.

Ескерту. 66-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

67-бап. Конкурс жүргізудегі соттың өкілеттігі

Соттың конкурс жүргізуде мынадай өкілеттігі бар:

- 1) конкурс жүргізуді қозғайды және оны тоқтатады;
- 2) занды тұлғалардың тіркелуін жүзеге асыратын әділет органына, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының алқасына және борышкердің тұрғылықты жері бойынша аумақтық атқарушы іс жүргізу органына занды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім шығарылғанын хабарлайды;
- 3) борышкер мүліктік сипаттағы жауапкер ретінде болатын даулар бойынша істерді өзінің жүргізуіне қабылдайды;
- 4) уәкілетті органға конкурстық басқаруышыны тағайындауды тапсырады.

4-1) **Алынып тасталды - ҚР 2001.07.11 № 239 Заңымен.**

5) конкурс жүргізуге қатысушылардың арасындағы дауларды шешеді;

6) **Алынып тасталды - ҚР 2001.07.11 № 239 Заңымен.**

Ескерту. 67-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 № 154, 1998.07.01 № 256, 2000.12.18 № 128, 2001.03.02 № 162, 2001.07.11 № 239, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

68-бап. Банкрот үшін конкурс жүргізуді қозғаудың салдары

1. Борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы сот шешімі қабылданған кезден бастап мынадай салдары болады:

1) банкроттың мұлікті иеліктен айыруына және уақытша беруіне тыйым салынады;

2) банкроттың барлық қарыз міндеттемелерінің мерзімдері өткен деп есептелеуді;

3) банкрот берешектерінің барлық түрлері бойынша айып ақылар мен сыйақылар (мұдделер) есептеу тоқтатылады;

4) егер банкроттың қатысумен сотта қаралатын мұліктік сипаттағы даулар бойынша қабылданған шешімдер заңды күшіне енбесе, олар қысқартылады;

5) банкротқа мұліктік талаптар тек конкурс жүргізу шеңберінде ғана қойылуды мұмкін;

6) дәрменсіз борышкердің мүлкінен өндіріп алуға қойылған барлық заңнамалық шектеулер алып тасталады.

2 . < * >

3. Егер конкурстың масса құрамында жылжымайтын мұлік болса, банкроттың жылжымайтын мүлкін иеліктен айыру және оны өзге тұлғаларға пайдалануға беру жылжымайтын мұлікке құқықтарды тіркеу органдарында тіркелуге тиіс.

Ескерту. 68-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154, 1998.07.01. № 256, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

69-бап. Конкурстың басқарушы-таратушы

1. Конкурстың іс жүргізуді жүзеге асыру үшін уәкілетті орган соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурстың басқарушыны тағайындауды.

Конкурстың басқарушыны тағайындау, есепке алу және тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілеуді.

2. Конкурстың басқарушыға (таратушыға) төленетін сыйақыға:

1) өз міндеттемелерін орындаудын бүкіл кезең үшін ай сайынғы мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс, кредиторлармен есеп айырысқанға дейін конкурстың массадан төленетін ағымдағы төлемақылар;

2) оның қызметінің нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын және әкімшілік шығыстар шегеріліп кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жұмсалған қаражаттың жеті процентінен аспайтын мөлшерінде кредиторлар комитеті айқындаудың қосынша төлемдер жатады.

Ескерту. 69-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.07.01 № 256 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін

2-баптан қараныз), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

70-бап. Конкурсты басқарушы-таратушының өкілеттігі

Конкурсты басқарушы:

1) ол тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Заңың талаптарына сәйкес кредиторлар комитетінің құрамын қалыптастырады, оны уәкілетті органның бекітуіне ұсынады;

1-1) осы Заңың 14-бабының 2-тармағында көзделген хабарламаны жібереді.

Комитеттің бірінші отырысы осы Заңың 12-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімдерде өткізіледі;

1-2) уәкілетті органның оны тағайындаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрган жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында борышкерді банкрот деп тану туралы және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде орналасытады;

1-3) уәкілетті орган оны тағайындаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдына соттың занды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешімінің көшірмесін ұсынады;

2) борышкердің мұлкін қорғауға және бақылауға алады;

3) борышкер алдында берешегі бар тұлғаларға осы берешекті занда белгіленген тәртіппен өндіріп алу туралы талаптар қояды;

4) осы Заңың 6-бабында аталған мән-жайлар кезінде борышкер жасаған мәмілелерді анықтайды және оларды жарамсыз деп тану туралы не сот тәртібімен мұлікті қайтару туралы талаптар қояды;

5) банкроттың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес алдағы уақытта еңбек шартының тоқтатылатыны туралы хабарлайды;

5-1) іс-шараларын жоспарын қоса алғанда, кредиторлар комитетімен жасасқан келісімнің талаптарын орындайды;

6) кредиторлардың талаптарын өтеу мақсатында банкроттың муліктерін (активтерін) сату жоспарын кредиторлар комитетінің бекітуіне ұсынады және оны өткізу ді жүзеге асырады;

6-1) уәкілетті органның сұратуы бойынша оған конкурстың іс жүргізу жөнінде қажетті ақпаратты табыс етеді;

6-2) алдыңғы айдағы конкурстың іс жүргізу рәсімін жүзеге асыру барысы туралы толық ақпаратты әр айдың 15-інен кешіктірмей кредиторлар комитетіне табыс етеді;

6-3) борышкердің кез келген кредиторына оның жазбаша сұратуы негізінде өз қызметін жүзеге асыру барысы туралы толық ақпаратты ұсынады;

7) кредиторлармен есеп айрысады;

8) борышкерді банкроттыққа жеткізгені үшін жауапты адамдарды (борышкердің лауазымды адамдарын, қатысушыларын (құрылтайшыларын) анықтап,

с о т қ а ж ү г і н е д і ;

9) кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізеді;

9 - 1) т ү г е н д е у д і ж ү г р і з е д і ;

9-2) сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін банкрот деп танылған кәсіпорынның банктік шоттарын жабуға, салық органына салық төлеуші қуәлігінің және қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы қуәліктің (олар бар болса) бланкілерін тапсыруға міндettі;

9-3) борышкерді банкрот деп тану туралы шешімнің күші жойылған кезде, өзі шеттетілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің құрылтай, қаржылық және оның мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын қоса алғанда, барлық құжаттарын, борышкердің барлық мүлкін (активтерін), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған конкурсстық басқарушыға немесе борышкердің басшысына беруге міндettі;

10) осы Занға сәйкес өзге де өкілеттігі болады.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2003.03.13 № 395, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15 № 253, 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV, 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

71-бап. Кредиторлардың талаптары

1. Кредиторлардың борышкерге талаптары борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру жарияланған кезден бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей мәлімдегүе

тиіс.

Кредиторлардың талаптарында талаптар сомасы туралы мәліметтер болуға тиіс (негізгі қарыздардың, сыйақылардың (мұddenің), айыптың және өзге де айыппұлдар санкцияларының, залалдардың мөлшері туралы жеке-жеке, талаптардың негіздемесі мен сомасын растьтың құжаттар (сottың күшіне енген шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің қарызын тануы қоса беріледі)) .

Кредиторлардың шетелдік валютамен көрсетілген талаптары борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы сот шешім қабылдаған кездегі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен
есепке алынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде кредиторлардың мәлімдеген талаптарын конкурссты басқарушы оларды алған кезден бастап бір ай мерзім ішінде қарauғa тиіс және ол мойындаған талаптар тізілімге енгізіледі.

Кредиторлардың бұрын сотқа мәлімдеген талаптары, егер олар осы баптың 1-тармағының екінші абзацында аталған талаптарға сәйкес келсе, тізілімге енгізілуі мүмкін.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне бөлінген активтермен қамтамасыз етілген, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында айқындалған кредиторлардың талаптары және ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың мынадай мүлікті: ипотекалық түрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтарын (ипотекалық куәліктер кепілін қоса алғанда), сондай-ақ көрсетілген облигацияларды ұстаушыларда меншік құқығы мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша туындаған немесе аудиоскан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын кепілге қоюмен қамтамасыз етілген талаптары енгізілмейді.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың мемлекет кепілгерлігімен қамтамасыз етілген инфрақұрылымдық облигациялар бойынша талаптары енгізілмейді.

3. Кредиторлардың өзіне берешек сомасын және осы сомаға есептелетін сыйақыны (мұддені), борышкер тарапынан міндеттемелердің орындалмауынан немесе тиісінше орындалмауынан келтірілген зиянды, айыптарды (айыппұл, өсімдер) және өзге де айыппұл санкцияларын қамтитын талаптарды борышкерге қоюға құқығы бар.

4. Сыйақылардың (мұдденің) сомасы борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі қабылданған кезде айқындалады.

5. Залалдардың, айыптардың (айыппұлдар, өсімдер) және өзге де айыппұл санкцияларының сомасы борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешім қабылданған кезде, ал оналту рәсімі қолданылған жағдайларда - оналту рәсімі енгізілген кезде айқындалады.

Кредиторлардың банкроттық рәсімдерге қатысуына байланысты шығындары етелмеге тиіс.

Ескерту. 71-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154, 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2003.06.03. № 427, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.02.20. № 127 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05. № 165 (

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 539 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

71-1-бап. Конкурстық басқарушы-таратушының жауапкершілігі

Өз өкілеттіктерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда конкурстық басқарушы-таратушы Қазақстан Республикасының зандарамна сәйкес жауаптылықта б о л а д ы .

Ескерту. 71-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

72-бап. Кредиторлардың талаптарын қаралу

1. Конкурстық басқарушы кредиторлардың талаптарын қаралудың нәтижелері туралы (талаптарды толық көлемінде немесе ішінана тану немесе танымай туралы) әрбір кредиторға шешім қабылданған күннен кейінгі келесі күні жазбаша түрде (танымайдың себептерін көрсете отырып) хабарлауға міндетті.

2. алып тасталды - 2006.01.10. № 115 Зандарамен.

3. Конкурстық басқарушының шешімімен келіспеген жағдайда кредитор, құрылтайшы (қатысушы) оны бір ай мерзімде дау тудырған талап бойынша шешімі күшіне енген банкроттық туралы істі қараған сотқа шағымдануға құқылы

4. Борышкердің кредиторы кредиторлар тізілімінің мазмұнымен танысуға
құқылды .

Ескерту. 72-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарамен.

73-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімін бекіту

1. Конкурстық басқарушы кредиторлар талаптарының тізілімін және оларды қаралудың нәтижелерін борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап төрт айдан кешіктірілмей уәкілетті органға бекіту үшін беруге міндетті .

2. Конкурстық басқарушы ұсынған, банкроттық туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келетін кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті орган кредиторлар талаптарының тізілімі ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бекітеді.

Кредиторлар талаптарының ұсынылған тізілімі банкроттық туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде жойылуға жататын қайтару себептерін көрсете отырып, ол ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей пысықтауға

қ а й т а р а д ы .

Ескеरту. 73-бап жаңа редакцияда - ҚР 2001.07.11 № 239 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

74-бап. Конкурстық масса

1. Конкурстық массаның құрамына:

1) борышкердің мүлкі, соның ішінде оның қаржылық құжаттарында көрсетілмеген, бірақ осы Заңның 83-бабының 2-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, талап құқығын (дебиторлық берешекті) қоса алғанда, борышкердің меншік құқығын растайтын құжаттары бар мүлкі;

2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасымен көзделген жағдайда, борышкердің тұрақты және уақытша жер пайдалану құқығы кіреді.

2. Конкурстық массаға толық серіктестердің жеке мүлкі, толық және коммандиттік серіктестердің бұрынғы қатысуышыларының, қосымша жауапкершілікті серіктестер қатысуышыларының, сондай-ақ банкроттың мүлкі жетпеген кезде Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін болатын өндірістік кооператив мүшелерінің өз мүлкі кіреді және жеке есептеледі.

3. Өзге тұлғалардың борышкерді банкроттықа дейін жеткізгені үшін субсидиялық жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бұл жауапкершілік мөлшері кредиторлар талаптарының жалпы сомасы мен борышкер мүлкінің конкурстық массасының арасындағы айырма ретінде айқындалады. Конкурсты басқарушы мұндай тұлғаларға борышкердің барлық кредиторларының мұдделерінде талаптар қоюға міндетті. Жекелеген кредиторлардың өз мұдделерін көздең мұндай талаптар қоюына жол берілмейді.

4. Конкурстық массаға:

1) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары;

2) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру кезіндегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес секьюритилендіру кезіндегі облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер және ипотекалық облигациялар бойынша мынадай қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқығы (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ көрсетілген облигацияларды ұстаушыларда меншік құқығы мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша туындаған немесе ауысқан жағдайларда Қазақстан

Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары енгізілмейді. Тарату комиссиясы көрсетілген мүлік пен бөлінген активтерді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес айқындалған ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың өкіліне, кредиторлардың және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкіліне береді;

3) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарына сәйкес құрылған тарату қорларының қаражаты;

4) концессия объектісінің құрамына кіретін мүлік;

5) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көзделген шығарындыларды азайту, шығарындылардың сертификатталған азайтулары, шығарындыларды ішкі азайту, парниктік газдарды сіңіру квоталарының бірліктері

енгізілмейді.

Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2003.06.03 № 427, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.02.20 № 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05 № 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.03 № 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 539 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

75-бап. Конкурстық массаны бөлу кезегі

1. Әкімшілік және сот шығыстары борышкер мүлкінің есебінен кезектен тыс
өт е л е д і .

Әкімшілік шығыстарының сомасын, кредиторлар комитетінің оқалтушы немесе конкурстық басқарушымен келісімі арқылы айқындалған сметаның шектерінде, олардың туындауына қарай оқалтуды немесе конкурстық басқарушы төлеу мүмкін.

2. Таратылатын банкрот өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін жауап беретін азаматтардың жалақыдан және (немесе) өзге кірістен ұсталған алименттерді, сондай-ақ талаптарды төлеу бойынша талаптары тиісті уақтылы төленетін капиталға айналдыру арқылы бірінші кезекте қанағаттандырылады.

3. Еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға енбегіне ақы мен өтемдер, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша еңбекақыдан ұсталған міндettі зейнетақы жарналарын төлеу бойынша берешектерді өтеу, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі есеп айырысулар, осы Заңның 78-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші кезекте жүргізіледі.

4. Кредиторлардың таратылған банкрот мүлкінің кепілмен қамтамасыз

етілген міндеттемелері бойынша талаптары қамтамасыз ету сомасы шегінде үшінші кезекте қанағаттандырылады.

5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі берешек төртінші кезекте өтеделді.

6. Басқа кредиторлармен есеп айырысу осы Заңға және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бесінші кезекте жүргізіледі.

Ескерту. 75-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2004.04.08. № 542, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

76-бап. Кредиторлармен есеп айырысу ережелері

1. Өрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектегі талаптар толық қанағаттандырылған соң қанағаттандырылады.

Кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдістермен, соның ішінде ақша түрінде және (немесе) мұлікті заттай беру арқылы қанағаттандырулы мүмкін.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредитордан басқа кредитор мұлікті он конкурстың басқарушы ұсынған күннен бастап он бес күн мерзімде талапты өтеу есебіне заттай қабылдау туралы өзінің жазбаша келісімін (келіспеуін) білдіруге тиіс. Кредитордың белгіленген мерзімде жазбаша келісімін ұсынбауы мұлікті заттай алудан бас тартуы деп танылады.

2. Банкроттың мұлкі жеткіліксіз болған жағдайда ол тиісті кезектегі кредиторлар арасында олардың қанағаттандыруға тиісті талаптарының сомаларына сәйкес бөлінеді.

3. Конкурсты басқарушы кредитордың талаптарын қанағаттандырудан не оны қараудан бас тартылған жағдайда кредитор тарату балансын бекіткенге дейін конкурсты басқарушыға талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

4. Кредиторлардың осы Заңның 71-бабында көзделген мерзім біткеннен кейінгі, бірақ тарату балансы бекітілгенге дейінгі талаптары, кредиторлардың белгіленген мерзімде мәлімделген талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған борышкердің мүлкінен қанағаттандырылады.

5. Бірінші және екінші кезектегі кредиторлардың барлық кредиторлармен есеп айырысқанша қойған талаптары конкурстың мұліктің есебінен қанағаттандыруға тиіс. Мұндай талаптар тізілімге енгізілгенге дейін тиісті кезекте тұрған кредиторлардың талаптарын өтеу тоқтатыла тұрады. Белгіленген мерзімде білдірілген, бірақ конкурстың басқарушының тарапынан

мойындалмаған, оларды қанағаттандыру туралы соттың шешімі бар, басқа кезектердегі кредиторлардың талаптары да осындай тәртіппен қанағаттандырылуға тиіс.

6. Банкроттың мұлкі жетпегендіктен қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделмеген кредиторлардың талаптары өтелген деп есептеді.

Көрсетілген сомаларды конкурстық іс жүргізудің аяқталғандығы туралы сот ұйғарымының негізінде кредиторлар дебиторлық берешектен шығаруға тиіс.

Ескерту. 76-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

77-бап. Бірінші кезектегі кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың сомасы мен тәртібі

1. Борышкер өміріне және денсаулығына залал келтіргені үшін жауапты болатын азаматтар талаптарының сомасын айқындау азаматқа жетпіс жасқа жеткенге дейін, бірақ он жылдан кем емес уақытта төленуге тиісті мерзімді төлемдерді (борышкерді банкрот деп таныған күнгі мөлшерде) капиталға айналдыру жолымен жүзеге асырылады. Егер азаматтың жасы жетпістен асса, онда тиісті мерзімдік төлемдерді капиталданыру кезеңі он жыл болады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес айқындалған сомаларды төлеу борышкердің тиісті міндеттемесін тоқтатады.

3. Банкроттың мұлкі жетіспеуіне байланысты бірінші кезектегі кредиторлардың қанағаттандырылмай қалған талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі.

Ескерту. 77-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

78-бап. Екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы мен оларды қанағаттандыру тәртібі

1. Екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасын белгілеу кезінде, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, банкроттың туралы іс қозғалған кездегі жинақталып қалған өтелмеген берешек ескеріледі.

2. Қызметкердің жалақысын көтеру нәтижесінде пайда болған, бір жылдан бастап банкроттың туралы іс қозғалғанға дейінгі кезеңде есептелген еңбегіне ақы мен өтем төлеу жөніндегі кредиторлар талаптарының ұлғайған сомасы кредиторлар талаптарының тізілімінде бесінші кезек құрамында ескеріледі.

3. Еңбекақы мен өтем төлеу бойынша бір жылдан бастап банкроттың туралы

іс қозғалғанға дейінгі кезең ішінде олармен еңбек қатынастары туындаған кредиторлардың талаптары банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі бір жылдың алдындағы он екі күнтізбелік айда борышкерде құралған орташа айлық жалақыдан аспайтын есеппен кредиторлар талаптарының тізілімінде екінші кезек құрамында ескеріледі. Талаптардың қалған сомалары (айыппұлдар, өсімпұлдар, индекстеу және басқа) кредиторлар талаптарының тізілімінде бесінші кезек құрамында ескеріледі.

4. Егер борышкер банкроттық туралы іс қозғалғаннан кейінгі кезеңде еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы мен өтемдер, Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша еңбекақыдан ұсталған міндettі зейнетакы жарналары бойынша берешектерді, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақыларды төлеу жөніндегі міндettерін толық көлемде орындаған жағдайда, борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешім күшіне енгенге дейін төленбеген сомалар, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, борышкердің екінші кезектегі кредиторлар алдындағы берешегінің жалпы сомасына енгізіледі. <*>

Ескерту. 78-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2004.04.08. № 542, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандалымен.

79-бап. Үшінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы мен оларды қанағаттандыру тәртібі

1. Кепілмен қамтамасыз етілген міндetteme бойынша талаптар сомасы айқындалған кезде, кепілмен қамтамасыз етілген бөлігіндегі міндetteme бойынша берешек ескеріледі.

2. Кредитордың кепілмен қамтамасыз етілген талаптары кепілге салынған мүлік құны есебінен қанағаттандырылады.

3. Кепілмен қамтамасыз етілмеген бөлігіндегі міндetteme бойынша берешек кредиторлар талаптарының тізілімінде бесінші кезектегі талаптар құрамында ескеріледі.

Ескерту. 79-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239 Зандалымен.

80-бап. Төртінші кезектегі кредиторлардың талаптарының қанағаттандырудың сомасы мен тәртібі

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша талаптардың сомасын айқындау жағдайында банкроттық туралы іс жөнінде іс жүргізу қозғалған кезде пайда болған берешек (толық төленбеген төлем) ескеріледі.

2. Егер борышкердің тарапынан банкроттық туралы іс жөнінде іс жүргізу

қозғалғаннан кейінгі кезеңде салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер толық мөлшерде аударылмаса, борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешім күшіне енгенге дейін төленбеген сомалар борышкердің төртінші кезектегі кредиторлар алдындағы берешектерінің жалпы сомасына

енгізіледі.

3. Қаржы санкцияларының сомалары бесінші кезектегі талаптардың құрамында

ескеріледі.

Ескерту. 80-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239 Заңымен.

81-бап. Бесінші кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың сомасы мен тәртібі

1. Бесінші кезектегі талаптардың құрамына енетін талаптардың сомасын айқындау кезінде кредиторлардың азаматтық-құқықтық міндептемелері бойынша талаптары, оның ішінде кредиторларға тиесілі сыйақы (мұдде), кредиторлардың кепілмен қамтамасыз етілген міндептемелері бойынша талаптарын қоспағанда, осы Заңның 78-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу мен өтем төлеу жөніндегі кредиторлардың және заңды тұлға құрылтайшыларының (катысушыларының) талаптары ескеріледі.

2. Бесінші кезектегі кредиторлардың зияндарды өтеу және айыпты (айыппұл, өсім) өндіріп алу жөніндегі талаптары жеке есепке алынады және қарыздар мен есептелеңтін сыйақы (мұдде) өтелгеннен кейін қанағаттандырылуға тиіс.

Ескерту. 81-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154, 2001.07.11. № 239 Заңдарымен.

82-бап. Кредиторлардың еңбекақы төлеу жөніндегі мұдделерінің өкілдігі

1. Борышкерге еңбекақы төлеу жөнінде талап қоятын адамдар жиналыста (конференцияда) жасырын дауыс беру арқылы өздерінің мұдделерін борышкердің, оның кредиторларының алдында қорғауға уәкілеттік берілген өкілді сайлайды.

Кредитордың еңбекақы төлеу жөніндегі өкілі кредиторлар комитетінің құрамына кіреді және бір дауысқа ие болады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен сайланған өкіл конкурс жүргізу кезеңінде өзіне осы Заңмен берілген кредитордың барлық құқықтарын пайдаланады. Өкіл өзін сайлаған жиналыстың (конференцияның) алдында кредиторлардың тізіліміндегі еңбекке ақы төлеу мен оларды қараудың нәтижелері бойынша бекітілген талаптардың нәтижелері жөнінде есеп береді.

Ескерту. 82-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

83-бап. Борышкер мүлкінің құнын бағалау

1. Конкурсты басқарушы тарату барысында тиісті мамандарды конкурстық негізде тарту арқылы борышкердің мүлкіне (активтеріне), дебиторлық берешегін қоса алғанда, бағалау жүргізеді. Бағалаушыны тарту үшін қаражат жетіспеген жағдайда, конкурстық басқарушы кредиторлар комитетінің келісімімен мүлікті баланс құны бойынша сауда-саттыққа қоюға құқылы.

2. Кредиторлардың талаптары борышкердің осы баптың 1-тармағына сәйкес бағалаған:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымнан алынған мүлкінен:

2) борышкерге меншік құқығында тиесілі емес, соның ішінде сенімгерлік басқарудағы немесе сақтаудағы тиесілі емес мүліктен басқа барлық мүлкінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс.

Ескерту. 83-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256, 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

84-бап. Борышкердің мүлкін (активтерін) сату

1. Борышкердің талап ету құқықтарын қоса алғанда, мүлкін сатуды конкурстық басқарушы кредиторлар комитеті бекіткен мүлікті сату жоспарына сәйкес сауда-саттық жүргізу жолымен жүзеге асырады.

Борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі сауда-саттық жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

2. Конкурстық басқарушы стратегиялық обьектіні сату кезінде Қазақстан Республикасы осындай мүлікті сатып алудың басым құқығына ие болады.

Конкурстық басқарушы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық обьектіні иеліктен шығаруға рұқсат беру туралы шешімін алғаннан кейін оны сатуды жүзеге асырады.

3. Борышкердің сатуға ұсынылған, бірақ мүлікті сату жоспарына сәйкес сатылмай қалған мүлкі өз талаптары толық көлемде қанағаттандырылмаған тиісті кезектегі кредиторларға сату жоспарында көрсетілген ең төменгі баға бойынша олардың келісімімен ортақ үлестік меншікке берілуге тиіс.

Ескерту. 84-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

85-бап. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік

1. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша конкурсты басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе борышкердің басқа құрылтай құжаттарына сәйкес борышкер мүлкінің меншік иесіне не оның құрылтайшыларына (қатысушыларына) береді.

2. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған борышкердің сатуға ұсынылған, бірақ сатылмай қалған, сондай-ақ кредитор талаптарды қанағаттандырудың есебіне қабылдамаған заттай мүлкі, меншік иесіне немесе борышкер - Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, занды ұйымның қатысушыларына (құрылтайшыларына) беріледі.

Ескерту. 85-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154, 1998.07.01. № 256, 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

86-бап. Банкротты қарыздан босату

1. Кредиторлармен есеп айырысу аяқталған соң банкрот атқаруға қойылған және занды ұйымды банкрот деп тану кезінде ескерілген міндеттемелері мен өзге талаптарды орындаудан босатылады.

2. Егер банкрот деп тану туралы өтініш берілген кезге дейінгі үш жыл ішінде өз мүлкінің бір бөлігін жасырса немесе жасыру мақсатында басқа тұлғаға берсе, бухгалтерлік кітаптарды, шоттарды, құжаттарды қоса алғанда, қажетті есептік ақпаратты жасырып қалса немесе бұрмаласа, банкрот қарыздардан босатылады.

Ескерту. 86-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

87-бап. Конкурсты басқарушының қорытынды есебі

1. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін конкурстың басқарушы уәкілетті органмен келісілген өз қызметі туралы қорытынды есепті, тарату балансы мен кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті пайдалану туралы есепті қоса сотқа ұсынады.

Қорытынды есептің нысаны мен оны келісу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

2. Сот конкурсты басқарушының қорытынды есебін және тарату балансын бекітеді және олар табыс етілген кезден бастап он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде конкурстың іс жүргізууді аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

Конкурстың іс жүргізу аяқталғаннан кейін сот бір апта мерзімде уәкілетті органға конкурстың басқарушының бірінші кезектегі кредиторлардың қанағаттандырылмаған талаптары туралы мәліметі бар бекітілген қорытынды есебінен үзінді көшірме жібереді.

Конкурстың іс жүргізууді аяқтау туралы ұйғарымда конкурстың басқарушыға

сыйақы төлеуге және борышкердің сатылмай қалған мүлкіне байланысты реттелмеген мәселелер де шешілуі тиіс. Сот ұйғарымның көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға, уәкілетті органға, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына, сондай-ақ банкроттың талаптары қанағаттандырылмаған кредиторларына жібереді.

Ескерту. 87-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2003.03.13 № 395, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 № 101-IV (2009 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV Зандарымен.

88-бап. Борышкерді таратуды аяқтау

1. Алып тасталды - ҚР 1998.07.01 № 256 Заңымен.
2. Алып тасталды - ҚР 1998.07.01 № 256 Заңымен.

3. Борышкердің таратылуы аяқталды, ал борышкер өз қызметін тоқтатты деп
бұл тұралы:

Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізіліміне – заңды тұлғалар
жөнінде;

Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына – дара кәсіпкерлер жөнінде
мәліметтер енгізілгеннен кейін есептеледі.

4. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдардың борышкерді бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы бұйрықтары сотқа және уәкілетті органға, сондай-ақ борышкердің орналасқан жері бойынша салық органына жіберіледі.

Ескерту. 88-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-тaraу. БАНКРОТТЫҚТЫҢ ОЦАЙЛАТЫЛҒАН РӘСІМДЕРІ

89-бап. Таратылатын борышкердің банкроттығы

1. Осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар анықталған кезде заңды тұлғаның органы немесе тарату комиссиясы борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа өтініш беруге міндettі. Тарату комиссиясы аталған мән-жайларды анықтаған кезде ол туралы заңды тұлға-борышкердің басқарушы органы на хабарлауға міндettі.

2. Сот іс қозғаған кезден бастап борышкер мүлкінің меншік иесіне және оның

құрылтайшыларына (қатысушыларына) осы Заңың 28-бабында көзделген салдарлар қолданылады.

Ескерту. 89-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

90-бап. Соттың істі қарауы

1. Таратылатын заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы іс қозғаган сот бір айлық мерзімде борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешім шығады.

2. Егер істі қарау кезінде борышкердегі бар мүлік (активтер) кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыратыны анықталса, сот борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарады. Соттың шешімі борышкерді әдеттегі тәртіппен таратуды жалғастыруға негіз болып табылады.

91-бап. Борышкерді тарату тәртібі

Осы Заңың 65-88-баптарында көзделген тәртіппен борышкерді таратуды конкурсның басқарушысы жүзеге асырады.

Ескерту. 91-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

92-бап. Борышкердің банкроттық тәртіппен таратудан бас тартуының салдары

1. Егер заңды тұлға тек банкроттық тәртіппен таратылуға тиісті мән-жайлардың болуына қарамастан, меншік иесі, құрылтайшылар (қатысушылар), тарату комиссиясы борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінбесе және заңды тұлғаны таратуды жүзеге асырса, барлық кредитордың талаптарын толық көлемде қанағаттандырмау заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуден бас тартуға негіз болып табылады.

2. Кредиторлар осы Заңға немесе өзге де Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес борышкердің өтелмеген міндеттемелері бойынша жауап беретін болса, борышкер мүлкінің иесіне, құрылтайшыларға (қатысушыларға), тарату комиссиясына (таратушыға) қанағаттандырылмай қалған талаптарын ұсынуға құқылды.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 № 239, 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

93-бап. Таратылатын борышкердің кредиторының өтініші бойынша банкроттығы

1. Меншік иесі, заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) тарапынан оны тарату туралы шешім қабылдануы кредитордың мұндай заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуіне кедергі болмайды.

2. Борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешім қабылдаған жағдайда осы тараудың ережелері қолданылмайды, ал борышкердің таратылуы осы Заңның 65-88-баптарында көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

94-бап. Жоқ борышкердің банкроттығы

1. Сот жоқ борышкерге қатысты банкроттық туралы істі кредитордың, прокурордың мәлімдемесі бойынша қозғауы мүмкін.

Осы Заңның 3-бабының 4-тармағында белгіленген ережелер жоқ борышкерге қатысты
қ о л д а н ы л м а й д ы .

2. Сот іс қозғалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жоқ борышкерді банкрот деп тану және конкурсстық іс жүргізуі қозғау туралы шешім шығарады.

3. Жоқ борышкерді таратуды, осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган тағайындастын конкурсстық басқарушы жүзеге а с ы р а д ы .

4. Конкурстық басқарушы соттың борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешімі күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында борышкерді банкрот деп тану туралы және осы Заңның 71-бабында белгіленген қағидалар бойынша кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде орналастырады, сондай-ақ сот шешімінің көшірмесін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына жібереді.

5. Жоқ борышкердің мүлкі болмаған жағдайда не егер оның құны конкурсстық іс жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды жабуға жеткілікті болмаса, сот уәкілетті органның келісімімен және мәлімдеуші табыс еткен растаушы құжаттар негізінде жоқ борышкерді конкурсстық іс жүргізуі қозғамай банкрот деп тану т у р а л ы ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы .

Мәлімдеуші жоқ борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы хабарландыруды он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде ж а р и я л а й д ы .

Жоқ борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінде мынадай нұсқаулар
б о л у ғ а т и і с :

- 1) борышкерді конкурстық іс қозғамай тарату туралы;
- 2) уәкілетті органға жоқ борышкердің таратылуын ұйымдастыруды тапсыру туралы;
- 3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген кредиторлардың мәлімделген талаптарының сомасы туралы.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.01 № 256, 2001.07.11 № 239, 2003.03.13 № 395, 2006.01.10 № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05 № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

95-бап. Жоқ борышкердің таратылуы

1. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру осы Заңның 75-бабында көзделген кезек ретімен жүзеге асырылады. Кредиторлар тарату балансы бекітілген кезге дейін өз талаптарын конкурсты басқарушының қарауы нәтижелері жөнінде сотқа шағым жасауға құқылы.

2. Кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін конкурстық басқарушы тарату балансын және кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті пайдалануы туралы есепті қоса өзінің қызметі туралы қорытынды есепті сотқа табыс етеді.

Конкурстық басқарушының қорытынды есебі ол сотқа табыс етілгенге дейін уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

3. Борышкер конкурстық басқарушының қорытынды есебін бекіту туралы сот шығармының негізінде борышкер қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізіліміне немесе Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына енгізілген кезден бастап таратылды деп есептеледі, бұл таратылған борышкердің кредиторлар алдындағы берешегін есептен шығару үшін негіз болып табылады.

4. Егер заңды тұлғаны тарату лауазымды және оның атынан өкілдік етуге уәкілетті тұлғалар болмаған кезде конкурстық іс қозғалмай жүргізілген жағдайда, уәкілетті орган осы Заңның талаптарына сәйкес кредитор талаптарының тізілімі мен қорытынды есептің жасалуын ұйымдастырады.

Жоқ борышкердің мүлкі болған жағдайда уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сатуды ұйымдастырады. Мұндай мүлікті сатудан түсken ақша жоқ борышкерді таратуға байланысты шыққан шығыстарды жабуға жұмсалады. Егер алынған ақша жоқ борышкерді таратуға шыққан шығынның құнынан асып кетсе, ол осы Заңда белгіленген кезектілікке сәйкес тиісті кезектегі кредиторлар арасында бөлінеді.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 № 239, 2006.01.10 № 115 (

ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-тарау. СОТТАН ТЫС ТАРАТУ РӘСІМДЕРІ

Ескерту. 8-тарау алып тасталды - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-тарау. ҚАЛА САЛУШЫ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТҚА ҮШҮРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

100-бап. Қала салушы борышкерлер - занды тұлғалардың банкроттығы

1. Қала салушы ұйым болып табылатын борышкер - занды тұлғаның осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңмен белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша банкрот деп танылуы мүмкін.

2. Занды тұлғаларды қала салушы ұйымдарға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

101-бап. Банкроттық туралы істі қарап

1. Қала негізін қалаушы ұйымның банкроттығы туралы істі қараган кезде әкімнің уәкілеттік берген өкілі арқылы тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік іске қатысушы тұлға деп танылады. Сот қала негізін қалаушы ұйымның банкроттығы туралы іс қозғалғаннан кейін бұл туралы әкімнің өкіліне және уәкілетті органға х а б р л а у ғ а м і н д е т т і .

2. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішіне, сондай-ақ борышкердің пікіріне өзге де тұлғалардың оны банкрот деп тану туралы өтінішіне борышкердің қала салушы ұйымға жататындығын раставтын құжаттар қ о с а т і р к е л е д і .

3. Борышкер - қала салушы ұйымның банкроттық туралы ісін қарап аудиындаған кезде судья қала салушы ұйымдар тізбесінен көшірме сұратып алады

Ескерту. 101-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.01 № 256, 2001.07.11. № 239 Заңдарымен.

102-бап. <*>

Ескерту. 102-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастапкүшіне енеді) Заңымен.

103-бап. Кредиторлардың талаптарын өтөу

1. Қазақстан Республикасы, әкімшілік-аумақтық бөлініс соттың тиісті шешімі шыққанға дейінгі кез-келген уақытта борышкер - қала салушы үйымның барлық кепілдік және конкурстық кредиторлардың алдындағы талаптарын бір мезгілде өтөуді жүзеге асыруға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіп бойынша кредиторлардың талаптарын өтеген ретте банкроттық туралы іс қысқартылуға тиіс.

3. Борышкердің қала салушы үйымның кредиторлар алдындағы талаптарын Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің өтөуі борышкердің мүлкін алып қоюмен немесе олардың өзгеше жолмен сатып алуымен жүргізілмеуге тиіс.

9-1-тaraу. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҮЙЫМДАРЫ БАНКРОТТЫҒЫНЫҢ

ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

103-1-бап. Ауыл шаруашылық үйымдарының банкроттығы

1. Ауыл шаруашылық үйымы болып табылатын борышкер осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып банкрот деп танылуы мүмкін.

2. Ауыл шаруашылық үйымдарының дәрменсіздігі анықталған кезде олар бойынша орындалу мерзімі оның алдындағы жылдан ерте басталмаған міндеттемелер ескеріледі. Бұл ретте, осы мерзімде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар не міндеттемелердің уақтылы орындалмауының себептері болып табылған ерекше қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар туындаған, банкроттық рәсімі қозғалған жылдың алдындағы жыл есепке алынбайды.

103-2-бап. Кредитордың мәлімдемесіне немесе борышкердің пікіріне қосымша тіркелетін құжаттар

Кредитордың мәлімдемесіне немесе борышкердің пікіріне осы Заңмен көзделген құжаттардан басқа мыналар қосымша тіркеледі:

1) жердің кадастрық сипаттамасы;

2) банкроттық рәсімі қозғалған жылдың алдындағы жылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар не қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар туралы дөректер.

Борышкер кредитордың, салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік органның немесе прокурордың мәлімдемесіне берген пікірінде өзінің дәрменсіздігін таныған жағдайда қосымша құжаттарды табыс ету міндетті болмайды.

Борышкерді банкрот деп таныған немесе оған оңалту рәсімдерін қолданған жағдайда қосымша құжаттар алуға байланысты шығыстар әкімшілік шығыстарға жатқызылады.

103-3-бап. Оңалту рәсімінің мерзімін ұзарту

Егер табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың не ерекше қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлардың салдарынан оңалту рәсімінің маңсатына жету мүмкін болмаған ретте, сот уәкілетті органның қорытындысы бар болған жағдайда оңалтуды басқарушиның өтініші бойынша кредиторлар комитетінің келісімімен оңалту рәсімін бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

103-4-бап. Конкурстық іс жүргізу

1. Конкурстық басқарушиның мәлімдемесі бойынша кредиторлар комитетінің келісімімен уәкілетті орган осы Заңның 65-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген конкурстық іс жүргізу мерзімін бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

2. Конкурстық басқаруши кредиторлар комитетінің келісімімен борышкердің конкурстық массасының құнын ұстап тұру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, оларға мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жерді қорғау жөніндегі іс-шаралар;

2) егіс және егін жинау жұмыстары, жануарларды, құстарды, бал арасын ұдайы молайту және өсіру, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, ара шаруашылығы өнімдерін үқсату;

3) борышкер мүлкін сату үшін қалыпты жағдайда ұстауға байланысты шаралар.

Конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шығыстар әкімшілік шығыстарға жатқызылады.

103-5-бап. Конкурстық массаны қалыптастыру және сату

1. Конкурстық басқаруши борышкердің жер пайдалану құқығының тиісінше ресімделуін қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте шыққан шығыстар әкімшілік шығыстарға жатқызылады.

2. Борышкердің мүлкін сату осы Заңның 84-бабына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, борышкердің мүлкін сату жоспарына, қызметтің негізгі түрін міндетті сақтай отырып, конкурстық массаны бірыңғай лотпен аукцион нысанындағы конкурстық сауда-саттыққа бастапқы қою жөніндегі қосымша шарт енгізіледі.

3. Егер аукцион болмай қалған не оған қатысуышылардың ешқайсысы бірыңғай лотты алмаған жағдайда, оны одан әрі сату уәкілетті органның және кредиторлар комитетінің келісімімен бөлектенген лот бойынша жүзеге асырылады.

4. Конкурстық массаны бөлектенген лот бойынша сатып алушы болмаса, кредиторлар өз талаптарын банкрот мүлкі есебінен, өз талаптарының сомасына барабар осы Заңның 75-бабында белгіленген конкурстық массаны бөлу кезектілігіне сәйкес заттай қанағаттандыруға құқылы.

5. Конкурстық массаны сату жөніндегі аукцион өткізуудің уақыты мен орнын кредиторлар комитетінің келісімімен конкурстық басқарушы анықтайды.

6. Борышкердің - ауылшаруашылық ұйымының конкурстық массасын сату жөніндегі аукционды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

Ескерту. 9-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239 Заңымен.

10-тарау.

Ескерту. 10-тарау алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.07.01. № 256 Заңымен.

11-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

106-бап. Осы Заңның қолданылу тәртібі

Ескерту. 106-бап алып тасталды - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

107-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы заңды бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жаупты болады.

Ескерту. 107-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. № 239, 2006.01.10. № 115 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті